Павлодардағы ТАААЕОО және Теміртау қ., НД ішкері қабылдау үшін арналған, «Rusan Pharma Ltd» (Үндістан) өндірген, 150 мл шишада концентрат түрінде импортталған, метадон гидрохлориді, 1% сироп түрінде қолданылады ішке қабылдау үшін ұсынылған.

Тәулігіне бір рет (ауыз арқылы ішкері) пероралды қабылданады. Метадонды қабылдағаннан кейін кәдімгі сумен жұтады.

### 2.2.5. Мөлшерленуі

Теміртау қ., «Наркологиялық диспансерінде» және Павлодар қ., «Тәуелді аурулардың алдын алу және емдеу бойынша облыстық орталығында» метадонның

мөлшерленуі түрлі ыдыс және конструкциялы, механикалық мөлшерлеуіштерді қолданумен жүргізіледі. Бірақ екі мекемеде де метадонның мөлшерленуі келесі пропорцияға сәйкес келеді: ерітіндінің 1 мл-да 10 мг метадон гидрохлориді бар.

### 2.2.6. Метадонның жұмсалуды

Қазақстанда АОТ пилоттық бағдарламаларын іске асыру үшін 2008 жылы метадон гидрохлориді ерітіндісі сатып алынған. Өнім беруші фирма болып «L-фарма» ЖШС табылады. Жалпы сатылып алынған зат 1841 грамды құрады (осы есептің 4.2 тармағында жете көрсетілген). Метадонның жұмсалуды 1 және 2 кестеде ұсынылған.

1 кесте – Метадон гидрохлоридінің орташа жылдық жұмсалуды

Аймақ	Жобаның іске асырылуындағы бір жылда препараттың жұмсалуды (мг)	1 емделушіге жылына препараттың орта саны (мг)	1 емделушіге орташа тәулік мөлшері
Қазақстан Республикасы	1128873	22169,7	65,28
Павлодар қ.	530080	20387,69	59,97
Теміртау қ.	598793	23951,72	70,6

2 кесте -2008-2009 жж. метадон гидрохлоридінің орташа жылдық жұмсалуды

Айлар	Павлодар қ.			Теміртау қ.		
	Метадонның саны (мг)	Бір емделушіге есептегендегі метадонның орташа саны (мг)	Метадонның орташа тәуліктік мөлшері (мг)	Метадонның саны (мг)	Бір емделушіге алғанда метадонның орташа саны (мг)	Метадонның орташа тәуліктік мөлшері (мг)
Қараша 2008	16330	1176,2	36,7	11321	964	60,25
Желтоқсан 2008	27395	1243,1	40,1	36192	1651,2	53,2
Қаңтар 2009	51220	1925,5	62,11	60244	2409,8	77,7
Ақпан 2009	43395	1735,8	61,99	45836	1833,4	65,47
Барлығы 3 айда	122010	6080,6		142272	6858,4	
Наурыз 2009	45360	1744,6	56,27	46264	1869,6	60,3
Сәуір 2009	46625	1810,7	60,35	48241	1969,4	65,64
Мамыр 2009	58100	2201,7	71,0	58743	2469,9	79,6
Барлығы 3 айда	150085	5757		153248	6308,9	
Маусым 2009	43645	1661,9	55,3	46545	1987,1	66,2
Шілде 2009	52960	2213,6	71,4	67447	2697,9	87,02
Тамыз 2009	46570	1791,2	57,78	49740	2186,2	70,52
Барлығы 3 айда	143175	5666,7		163732	6871,2	
Қыркүйек 2009	56460	2222,9	74,09	60180	2616,5	87,2
Қазан 2009	42020	1680,8	54,2	45809	2082,2	67,2
Қараша 2009	42605	1655,2	55,1	43965	1998,4	66,6
Барлығы 3 айда	141085	5558,9		149954	6697,1	

1 және 2 кестелерде ұсынылған деректердің талдауы Павлодар қаласының пилоттық жобаға қатысушылары мен метадон гидрохлоридінің Теміртау қаласымен салыстырғанда (тәулігіне 706, мг) аз мөлшерде (тәулігіне 59,97 мг) қолдануымен айғақталады. Сонымен қатар берілген мөлшерлер ұсынылған дүниежүзілік терапевтикалық мөлшерлердің (60-80 мг) төменгі шегіне сәйкес келеді. Метадонның ең аз терапевтикалық жұмсалуды, біздің ойымызша, бірнеше себептермен байланысты. Біріншіден –емделушілерді жобаға ұзақ уақыт жинау. Орынбасушылық терапия әдісі ҚР

аумағына алғашқы рет енгізілді, ол да клиницистердің жұмысына және препараттың белгіленген мөлшерлеріне сәйкес өз ерекшеліктерін енгізді. Емделушілердің бір бөлігі метадонның орта терапевтикалық мөлшерлерін бұрыннан алған, ал тағы бір бөлігі осы кезде мөлшерді сұрыптау фазасында болды. Екіншіден – Павлодар облысы және Теміртау қаласы аймағында заңсыз есірткіні бұрыннан тұтынудың жиілігімен байланысты. Дәрігер-нарколог метадонның кез келген мөлшерін белгілеу кезінде, ең алдымен, емделушіні қараудың объективті деректерін және клиенттің субъективті түйсіктерін негізге алған. Психологиялық және физикалық күйі қанағаттанарлықты болғанда метадонның мөлшері адекватты болып саналған және қосымша белгілеулерді қажет етпеген. Әр емделушінің есірткіге деген өзінің белгілі толеранттылығы болады деген аксиомаға сүйене отырып, жобаға енгізілуге дейін қолданылған заңсыз есірткіге аз ғана жоғары толеранттығы туралы болжам жасау мүмкін болды (емделушілердің сөздеріне қарағанда героиннің тәулік бойғы орташа мөлшері 1,0-3,0 граммды құрады).

Осылайша таралатын заңсыз есірткі заттардың жиілігінің деңгейі туралы қорытынды жасау мүмкін болды.

### **3. Қазақстан Республикасындағы орынбасушылық терапияның нормативтік құқықтық базасы**

Қазақстанда орынбасушылық терапия туралы алғашқы рет 2005 жылдың 25 қыркүйегінде ҚР денсаулық сақтау министрінің төрағалығымен өткен мәжілісте пилоттық жобаны енгізу туралы шешім қабылданғанда айтылған.

2005 жылдың желтоқсанында ҚР денсаулық сақтау министрі 2005 жылғы 08 желтоқсандағы «Орынбасушылық терапияны енгізу» туралы №609 бұйрыққа қол қойылды, оған сәйкес 2006 жылы жыл бойы Павлодар және Қарағанды қалаларында тұратын героинге тәуелді, АҚТК ауыратын 50 тұлға үшін АОТ пилоттық жобасын енгізу қарастырылған. Бұйрыққа «Метадондық терапия үшін белгілеу көрсеткіштері және контингентті іріктеу критерилері» қосымша болып келді. Осы бұйрыққа сәйкес пилоттық жобаның орындалуына Ғаламдық Қордың қаржылық қолдауымен ҚР ДСМ мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау Комитеті, сонымен қатар ЖҚТБ АО жауапты органдар болып табылады. Бақылауды ҚР ИМ ҰҚК жүзеге асырады.

2006 жылдың 13 наурызында ҚР денсаулық сақтау Министрлігімен «Наркологиялық практикада және заңсыз есірткіні тұтынудан зиянды төмендету бағдарламаларын қолдану» әдістемелік ұсыныстары бекітілді.

Ұлттық «2006-2010 жылдары Қазақстан Республикасында ЖҚТБ індетіне қарсы тұру жөніндегі бағдарламасындағы» (ҚР Үкіметінің 2006 жылдың 15 желтоқсанындағы №1216 Қаулысы) 5.3. тармағында да орынбасушылық терапия бойынша «Есірткіні енгізу зиянын төмендету стратегиясын іске асыру» пилоттық жобасын енгізу көрсетілген.

Келесіде, тек 2008 жылы метадонды елге әкелуді қамтамасыз ету үшін іс жүзінде қосымша әрекеттер жасалды. Үкіметтің 2007 жылдың 18 қазанындағы «2008 жылға ҚР есірткі заттардың, психотроптық заттардың және прекурсорлардың қажеттілік нормалары туралы» №960 Қаулысына сәйкес Павлодар және Теміртау қалаларында (әр қалада 25 адамнан) екі пилоттық жобаның іске асырылуын бастау үшін метадон гидрохлоридінің 1841 грамын әкелуге рұқсат берілді. Пилоттық жобалар «Наркологиялық диспансер» ҚМКК (Қарағанды облысы Теміртау қ.) және «Тәуелді аурулардың алдын алу және емдеу бойынша облыстық орталығы» (Павлодар қ.) базаларында жүргізілуде.

Метадон гидрохлориді препараты елімізде дәрі-дәрмек құралы ретінде тіркелмегеніне байланысты, оның Қазақстанға әкелінуі ҚР есірткі заттарына қажеттілік нормасының анықтамасы және мемлекеттік квота бойынша ұлттық Ережені сақтау үшін негіздеменің ұсынуы бойынша (ҚР «Дәрі-дәрмек құралдары туралы» Заңының 28 б. 3 т. 3 тт.-, туберкулезбен, маляриямен, ЖҚТБ РО ММ және ЖҚТБ-мен күресу бойынша Ғаламдық Қорының Гранты туралы Келісіміне сәйкес, инъекциялық есірткіні

тұтынушылардың АҚТК-жұқпалы аурулар үшін орынбасушылық терапия жобасын іске асыру аясында, сирек кездесетін және/немесе аса ауыр ауруларды емдеу үшін) ҚР ДСМ фармацевтикалық бақылау Комитетінің арнайы рұқсаты негізінде жүзеге асырылады.

АОТ пилоттық жобаларын жүзеге асыру кезінде келесі халықаралық және республикалық заңнамалық актілерге сүйенді:

-1961 жылғы «Есірткі заттары туралы» Конвенция, 1972 жылғы 25 наурыздағы өзгертулерімен. Бірыңғай Конвенцияның «Жалпы міндеттері» туралы 4- бабына сәйкес, Конвенцияның барлық ережелерін орындаған кезде тараптарды «өз аумақтары шегінде... күшіне енгізу...» және «... өндірісін, өндірілуін, тасылуын, әкелінуін, есірткі құралдардың үлесуін, олардың сатылуын және олардың тұтынылуы мен сақталуын тек қана медициналық және ғылыми мақсаттармен шектеу.....» үшін қажет болуы мүмкін заңнамалық және әкімшілік шараларды қабалдауға міндеттейді. 1998 жылдың 1 шілдесіндегі №257-1 бұйрығы шегінде Қазақстан қол қойды.

- ҚР 1971 жылғы №249-1 бұйрығына сәйкес психотроптық заттар туралы Конвенциясына ҚР 29.06.1998 жылы қосылды. Бұл заңнамалық акт жаңа психотроптық заттардың түрлерін, ОНЖ қоздырушы (амфетаминдер), седативті, ұйықтататын, галлюциногендіктер (ЛСД, мескалин және басқасы) халықаралық бақылау жүйесінің таралуын қолдайды. Елдер (тараптар) бастама бойынша тізімге қосымшалар енгізді. Тағы да заңнаманы қасақана бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершілік белгіленді.

- 1998 жылдың 29 маусымындағы ҚР № 246-1 бұйрығына сәйкес БҰҰ 1988 жылғы «Есірткі заттардың және психотроптық заттардың заңсыз айналымына қарсы күрес туралы» Конвенциясына қол қойылды. Бұл құжатта «Есірткі заттардың және психотроптық заттардың, сонымен қатар прекурсорлардың -есірткі заттарды және психотроптық заттарды заңсыз дайындау кезінде пайдаланатын заттар, оларға қатысты сондай рұқсат беретін шаралар қабылданған, заңсыз айналымына қарсы күрес туралы» шаралары айтылған.

- 2009 жылдың 18 қыркүйегіндегі № 193-IV бұйрығы негізінде ҚР «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне қол қойылған соң 04.06.2003 жылғы «ҚР денсаулық сақтау жүйесі туралы» Заңының күші жойылған.

- 1998 жылдың 10 шілдесіндегі ҚР «Есірткі заттар, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың заңсыз айналымына қарсы тұру шаралары туралы» №279 Заңы.

-29.11.2005 жылғы ҚР Президентінің «2006-2014 жылдарға ҚР нашақорлықпен және есірткі бизнесімен күресу Стратегиясын бекіту туралы» № 1678 Жарлығы.

-ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 10 қарашадағы «ҚР есірткі заттардың, психотроптық заттардың, прекурсорлардың айналымына мемлекеттік бақылау жүзеге асыру Ережелерін бекіту туралы» № 1693 Қаулысы.

-2003 жылдың 25 желтоқсанындағы ҚР Үкіметінің «Нашақорлық және есірткі бизнесінің алдын алу және қарсы тұру жөніндегі жұмысын координациялау сұрақтары бойынша Ведомствааралық комиссиясын құру туралы» № 1316 Қаулысы.

-2005 жылдың 7 сәуіріндегі ҚР ДСМ «ҚР бақылауға жататын есірткі заттарды, психотроптық заттарды, прекурсорларды медициналық мақсаттарда пайдалану Ережелерін бекіту туралы» № 173 бұйрығы.

-2000 жылдың 24 сәуіріндегі ҚР ДСМ «Амбулаторлық және стационарлық аурулар үшін есірткі дәрі-дәрмектердің қажетті есептік нормативтерін бекіту туралы» № 234 бұйрығы.

16.02.2001 жылғы ҚР Ішкі Істер Министрінің «Есірткі заттар, психотроптық заттар, прекурсорлар айналымы саласында объектілер мен жайларды пайдалануға рұқсат беру тәртібі туралы» №141 бұйрығы.

-08.12.2005 жылғы ҚР ДСМ «Орынбасушылық терапияны енгізу туралы» №609 бұйрығы.

-15.12.2006 жылғы ҚР Үкіметінің «2006-2010 жж. ҚР АҚТК/ЖҚТБ індетіне қарсы тұру жөніндегі Бағдарламаны бекіту туралы» № 1216 (3.13 т.) Қаулысы.

- 17.10.2007 жылғы «2008 жылға ҚР есірткі заттардың, психотроптық заттардың, прекурсорлардың қажеттілігінің нормалары туралы» №960 Қаулысы.

-13.03.2006 жылғы ҚР ДСМ бекітілген «Метадонды наркологиялық практикасында және заңсыз есірткіні тұтынудан зиянды азайту бағдарламаларында қолдану» туралы әдістемелік ұсыныстары.

#### **4. Қазақстан Республикасындағы орынбасушылық қолдаушы терапия бағдарламаларының ұйымдастырушылық аспектілері**

##### **4.1. Мақсаттары және міндеттері**

АОТ пилоттық жобаның басты мақсаты Қазақстан Республикасы аумағында метадон мен орынбасушылық терапия әдісін қолданудың мақсатқа сәйкестігін негіздеу үшін апиынды нашакорлықпен ауыратын тұлғалардың, апиынды орынбасушылық терапияның тиімділігін бағалау болып табылады.

Қосымша мақсаттар ретінде келесілер белгіленді:

А) ИЕТ (инъекциялық есірткіні тұтынушы) –ең әлсіз топ ішінде індет жұқтырудың алдын алу арқылы ҚР АҚТК/ЖҚТБ індетіне қарсы тұру;

Б) АРТ-терапиядағы тұлғалардың, АРВ- терапияға ұстаушылығын ұлғайту;

В) АОТ емделушілерінің өмір сапасын және әлеуметтік қызмет етулерін жоғарылату;

Пилоттық жобалардың міндеттеріне енді:

- 1) АОТ емделушілерінің негізгі клиникалық көріністерінің динамикасындағы жалпы заңдылықтарды зерттеу;
- 2) АОТ емделушілерінің негізгі психологиялық көріністерінің динамикасындағы жалпы заңдылықтарды зерттеу.
- 3) АОТ емделушілерінің негізгі әлеуметтік көріністерінің динамикасындағы жалпы заңдылықтарды зерттеу;

##### **4.2. Атқарылған іс-шаралар**

АОТ пилоттық бағдарламаларын іске асыру шеңберінде шартты түрде төрт блокқа бөлінген келесі іс-шаралар атқарылды:

А. АОТ жобасын іске асыру дайындығы бойынша жалпы іс-шаралар;

Б. Метадон беру пункттеріндегі дайындық бойынша іс-шаралар;

В. Жобаны іске асыру барысында қарылған іс-шаралар;

Г. Жобаның іске асырылуын жалғастыруға дайындық бойынша іс-шаралар.

А. АОТ жобасын іске асыруға дайындық бойынша жалпы іс-шаралар:

1) 2008 жылғы 28 қаңтарда ЖҚТБ РО мен өндіруші «L-фарма» ЖШС арасында метадонды әкелуге №08-21 комиссия келісімшартына қол қойылды.

2) 2008 жылғы 24 наурызда жоғарыда көрсетілген келісімшартты орындау шеңберінде «L-фарма» ЖШС есірткі заттары айналамымен байланысты қызметтің Мемлекеттік лицензиясына КБН қосымшасын алды.

3) 2008 жылғы 17 сәуірде «L-фарма» ЖШС 1841 г. мөлшерде метадон әкелуге рұқсат алды.

4) 2008 жылдың тамыз айында есірткіні бақылау бойынша Халықаралық бюро (INCB) өзінің сайтында Қазақстанға апаруға болатын есірткі заттардың тізімін орналастырды, оның ішінде метадон да бар.

5) 2008 жылдың қыркүйек-қазан айларында ҚР-на метадонды сатып алу және жеткізу жүзеге асырылды.

6) 2008 жылғы 08 қазанда «Теміртау қаласының наркологиялық диспансері» ҚМҚК және Павлодар қ. «Тәуелді аурулардың алдын алу және емдеу облыстық орталығы» МҚҚК және ЖҚТБ РО-мен келісімшарттарға қол қойылды. Осы



келісімшарт бойынша пилоттық жобаның енгізілуі аймақтың наркологиялық қызмет мекемелері базасында орналасқан АОТ пункттері арқылы жүргізіледі.

7) АОТ жүргізу алдында критерийлерге сәйкес емделушілердің іріктелуі жүргізілді (ДСМ 2005 жылғы 08 желтоқсандағы №609 бұйрығы), жобаға қатысуға хабардарлық келісім алынды.

8) АОТ жобасының іске асырылуы 2008 жылдың 29 қазанынан Павлодар қаласында, 2008 жылдың 10 қарашасынан Теміртау қаласында басталды.

9) Пилоттық сайттардан келіп түскен тапсырыстарға, келісім-шарттарға және т.б. қатысты ЖҚТБ РО НД-мен (Теміртау қ., және Павлодар қ.) тікелей жұмыс істейді.

Ә. Метадон беру пункттеріндегі дайындық бойынша іс-шаралар.

1. Павлодар және Қарағанды облыстарының облыстық денсаулық сақтау департаменттерімен АОТ енгізу туралы бұйрықтар шығарылды (Павлодар қ. бойынша 2006 ж. 29 қазандағы №426 бұйрық, Теміртау қ. бойынша 2008 жылғы 30 қазандағы №578 бұйрық).

2. Павлодар және Теміртау қалаларының наркологиялық диспансерлері метадонды тиісінше сақтау, түгендеу, қолдану және босатуды қамтамасыз ету үй-жайларына ішкі істер департаменттерінің мемлекеттік лицензияларын алды.

3. Сонымен қатар Павлодар және Теміртау қалаларының наркологиялық диспансерлеріне есірткі заттары, психотроптық заттар және прекурсорлардың айналымымен байланысты қызмет түрлеріне денсаулық сақтау департаменттерінің мемлекеттік лицензиялары берілді.

4. 2008 жылдың қыркүйек-қазан айларында метадонды босату кабинеттері ұйымдастырылды және онда жөндеу-техникалық жұмыстары жүргізілді (метадонды босату кабинеттерінде терезелері темір тормен шарбақталған, темір есіктер орнатылған).

5. Жоба бюджетіне салынған құрал-жабдықтар, оның ішінде сейфтер, дозаторлар, біржолдық пластик стақандар, пластик түтікшелер, зәрдегі ПБЗ метаболиттерін анықтау үшін экспресс тест-жолақтары, компьютерлер, еденде тұратын таразы, және т.б. сатып алынды.

6. Штаттық кестеде қарастырылған қызметкерлер штаты құрастырылды және олардың түрлі семинарларда оқытылуы жүргізілді (Вильнюстің тәуелдік терапия орталығы 2002, Нашақорлардың медициналық-әлеуметтік проблемаларының республикалық ғылыми-практикалық орталығы 2005, 2008 жылдары, Бішкек, Павлодар мен Теміртау қалаларына кеңеспен және орындарда оқытумен клиникалық сұрақтар бойынша халықаралық эксперттің шығуы).

7. Келесі технологиялармен жұмыстар атқарылды:

а) емделушілердің АОТ бағдарламасына енуі және шығуы;

б) амбулаторлық жағдайда метадонның бастапқы және қолдаушы мөлшерлерін іріктеп алу;

в) амбулаторлық жағдайда психикалық түзету іс-шараларын жүргізу;

г) АОТ бағдарламасына қатысудан бас тарту нұсқаларына байланысты детоксификациялар;

д) заңсыз есірткінің барына емделушілердің зәрін тестілеу;

е) емделушілердің туыстарымен өзара әрекет;

ж) емдеудің жеке жоспарын әзірлеу және өткізіліп жатқан терапияның тиімділігін бағалау;

з) есірткіні тұтынудан толық бас тартуды қарастыратын оңалту бағдарламаларына қатысуға ынталандыру.

8. Дайындалған үй-жайларға 2008 жылдың қазан айында метадон гидрохлоридінің субстанциясы әкелінді.

Б. Жобаны іске асыру барысында атқарылған іс-шаралар:

1) Дворяк мырзамен клиникалық кеңес өткізілді (2008 ж., сәуір), ұсыныстар берілді;

2) пилоттық сайттардың қызметкерлері Халықаралық ұйымның қаржылық қолдауымен 2008-2009 жылдары тренингтерге, конференцияларға, танысу сапарларына қатысты (АОТ бойынша аймақтық кеңестер, UNODS, 2008 жылы Бішкек қаласында, СААР – Вильнюс қаласына сапар: пилоттық жобаның нарколог дәрігерлері үшін семинар);

3) 2009 жылы UNODS қолдауымен ҚР ДСМ, ЖҚТБ РО АОТ пилоттық жобасын іске асыру жұмыстары бойынша кеңестер мен дөңгелек үстелдер өткізілді;

- Астана қ., 2009 жылдың 27 ақпаны. Қазақстандағы апиынды орынбасушылық терапияға қолжетімділікті кеңейту жөніндегі отырыс;

- Астана қ., 2009 жылдың 22 маусымы. ҚР ДСМ апиынды орынбасушылық терапия жөніндегі пилоттық жобаны енгізу қорытындылары бойынша отырыс;

-Астана қ., 2009 жылдың 16 қазаны. Вице-министр Т.А. Вощенконың төралығымен апиынды орынбасушылық терапия жөніндегі Ведомствоаралық жұмыс тобының отырысы;

-Астана қ., 2009 жылдың 22 желтоқсаны. «Тиімді наркологиялық көмек: заманауи әдістемелер» атты семинар;

-Астана қ., 2009 жылдың 22 желтоқсаны. Апиынды орынбасушылық терапияның пилоттық жобасын енгізудің нәтижелері бойынша Ведомствоаралық жұмыс топтары мүшелерінің қатысуымен дөңгелек үстел басындағы отырыс;

4) Қазақстанда АОТ кеңейту сұрағын қарастыру мақсатында 2009 жылғы 04 қыркүйектегі №449 бұйрықпен ҚР ДСМ жанында АОТ бойынша, 15 адамнан тұратын ведомствоаралық жұмыс тобы құрылды, басшысы Т.А.Вощенко, хатшысы А.Н. Катренова. ҚР ДСМ «ҚР ДСМ2009 жылғы 04 қыркүйектегі №449 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрығына қол қойылды, оның негізінде ведомствоаралық жұмыс тобына қосымша үш үміткер енгізілді.

В. Апиынды орынбасушылық терапия жобасының іске асырылуын жалғастыру мақсатында келесі іс-шаралар іске асырылды:

1) 2009 жылдың мамыр айында – ГФСТМ(2011-2015) грантының тоғызыншы раундында СКК ЖҚТБ РО тапсырысын мақұлдады, оның ішінде АОТ-қа 700 емделушіге дейін 7 пилоттық аймаққа АОТ кеңейту бойынша компонент.

2) 2009 жылғы мамырдың 18-нен 23-не дейін – АОТ бойынша жобаны аралық бағалау үшін Павлодар қаласына мониторингтік сапар жүзеге асырылды.

3) 2009 жылдың мамыр айында UNODS бірігіп АОТ кеңейту үшін Ұлттық операциялық жоспардың жобасы әзірленді; Қазақстан үшін АОТ қажеттілігінің алғы есебімен АОТ бойынша материалдар шолуы дайындалды.

4) 2009 жылдың 16 маусымында ҚР ДСМ, ЖҚТБ РО, UNODS арасында «Түсіністік және ынтымақтастық туралы меморандумға» қол қойылды.

5) 2009 жылдың 22 маусымында Астана қаласында ҚР ДСМ вице-министрі Т.А. Вощенконың қатысуымен Павлодар және Теміртау қалаларындағы жобаның жүзеге асырылу қорытындысы бойынша жұмыс кеңесі жүргізілді, онда Қазақстанда апиынды орынбасушылық терапияны кеңейту қажеттілігі туралы шешім қабылданды.

6) 2009 жылдың 24 шілдесінде ГФСТМ жобасын іске асыру тобының өндіруші-фирма өкілдерімен және жабдықтаушылармен («Русан Фарма», «L-фарма» ЖШС) АОТ курсы үздіксіз жүзеге асыру үшін (2010 ж 01 қаңтардан кешіктірмей) ҚР аумағына метадонды уақытында жеткізу туралы жұмыс кеңесі өткізілді.

7) 2009 жылғы 29 шілдеде ҚР ДСМ –не ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 01 қаңтардағы «ҚР есірткі заттарының қажеттілік нормалары туралы» №907 Қаулысына шұғыл түрде өзгерістер енгізу жөніндегі ҚР ПМ тапсырмасын қарастыру туралы ҚР Үкіметіне жүгінуді өтінумен шығ. №11-768 хат жіберілді.

#### 4.3. Персонал

Бағдарламаның негізгі персоналы (дәрігерлер және медбикелер) Павлодар ОЦПЛ 33 және Теміртау қ. НД штаттық қызметкерлерінен құрылды.

АОТ бағдарламаларында дәрігер-нарколог, психотерапевт/психолог, әлеуметтік қызметкер, медициналық бикелер лауазымдары негізгі ұстаным болып табылды. Қызметтік міндеттер Павлодар және Теміртау қалаларының наркологиялық диспансерлерінің басшыларымен әзірленді және бекітілді.

№3 кесте-АОТ бағдарламасының персоналы

№ р/с	Бағдарламаның персоналы	Павлодар қ.	Теміртау қ.
		2008-2009 жж.	2008-2009 жж.
1.	Жоба басқарушысы	1,0 ст.	1,0 ст.
2.	Менеджер	1,0 ст.	1,0 ст.
3.	Психиатр-нарколог дәрігері	1,0 ст.	1,0 ст.
4.	Психолог-психотерапевт	1,0 ст.	1,0 ст.
5.	Әлеуметтік қызметкер	1,0 ст.	1,0 ст.
6.	Медициналық бике	1,0 ст.	1,0 ст.
7.	Провизор/фармацевт	1,0 ст.	1,0 ст.
8.	Бухгалтер	1,0 ст.	1,0 ст.
9.	Техникалық жұмыскер	1,0 ст.	1,0 ст.
10.	Барлығы	1,0 ст.	1,0 ст.

#### **Жоба басшысы**

- метадонмен орынбасушылық терапияның пилоттық жобасының негізгі ережелерін, кезендерін әзірлеуді ұйымдастырады және бақылайды;
- жоба менеджерлерінен жобаның орындалуы туралы есептерді қабылдайды және талдайды, олардың қызметтерін үйлестіреді;
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне және ЖҚТБ-мен, туберкулезбен және маляриямен күресу бойынша Ғаламдық қордың жобасын іске асыру тобына метадонмен орынбасушылық терапияның пилоттық жобасының дайындығы және тиімді кезендері туралы есептік мәліметтерді ұсынады;
- Облыстық әкімдік және облыстық денсаулық сақтау департаменті деңгейінде пилоттық жобаны жүзеге асыруда тәуелді аурулардың алдын алу және емдеу бойынша Орталыққа жәрдем көрсету бойынша мәселелерді шешеді;
- Жобаның ақпараттық қамтамасыз етілуі бойынша материалдарды және іс-шараларды әзірлейді және дайындайды;
- ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне және ЖҚТБ-мен, туберкулезбен және маляриямен күресу бойынша Ғаламдық қордың жобасын іске асыру тобына, сонымен қатар халықаралық конференцияларда пилоттық жоба жұмысының орындалу қорытындыларын және тәжірибесін ұсынады;
- Жобаға қатысушыларға түрлі жадынама, парақша, кітапша түрінде түрлі ақпараттық-білімдік материалдар әзірлеп, қамтамасыз етеді;
- ҚР ғылыми және кәсіби басылымдарында жобаның бағалануының ақпараттық қамтамасыз етілуін жүзеге асырады.

#### **Жоба менеджері:**

- жобаның сәтті орындалуы үшін (лицензияны рәсімдеу және т.б.) қажетті құжаттаманы дайындайды және ресімдейді;

- жобаның техникалық орындалуы үшін қажетті жағдайлармен қамтамасыз етеді (жобада істейтін мамандарды іріктеу, қажетті үй-жайларды бөлу және жабдықтау, оларды тиісті құрал-жабдықтармен жабдықтау);
- жобада істейтін негізгі персоналдың жұмысын үйлестіреді және бақылайды (психиатр-нарколог дәрігері, әлеуметтік қызметкер, орынбасушылық терапия кабинетінің медбикесі, фармацевт);
- пилоттық жобада жұмыс істеп жүрген персонал үшін семинарлар мен тренингілердің мерзімді өткізілуін ұйымдастырады;
- психиатр-дәрігерлер, наркологтар, психотерапевтер, психологтар және пилоттық жобаға қатыспайтын, басқа да мүдделі тұлғалар үшін орынбасушылық метадондық терапия тақырыбы бойынша семинарлардың мерзімді өткізілуін ұйымдастырады;
- Бағдарламаға қатысушыларға қатысты толеранттықты қалыптастыру мақсатымен, жобаға қатыспайтын Орталық қызметкерлері үшін, семинарлардың өткізілуін мерзімді ұйымдастырып отырады;
- Пилоттық жобада жұмыс істейтін мамандардан жобаның орындалуы туралы есептерді қабылдайды және талдайды;
- Жоба басшысына жобаның орындалуы туралы есепті мерзімді ұсынады;
- Аймақта/облыста жобаның ақпараттық қамтамасыз етілуі бойынша материалдарды және іс-шараларды әзірлейді және дайындайды;
- Жобаның орындалуының тиімділігінің индикаторларын әзірлейді және жобаның орындалуының тиімділігінің тұрақты мониторингісін қамтамасыз етеді;
- Жобаға қатысушылар үшін (жадынамалар, брошюрлар) ақпараттық-білімдік материалдарды әзірлеу және дайындау бойынша кеңестерді жүргізеді;
- Халықаралық конференцияларға қатысады және ҚР пилоттық аймақтарына орынбасушылық терапияның тиімділігін зерттеу бойынша материалдарды ұсынады.

### **Психиатр-нарколог дәрігері**

Жалпы ережелер:

1. Орынбасушылық терапия жобасының психиатр-нарколог дәрігері қызметіне барлық қажетті біліктілік талаптары бар, наркологиялық диспансердің тәжірбиелі психиатр-дәрігері тағайындалады.
2. Жобаның психиатр-нарколог дәрігері тікелей жоба менеджеріне бағынады.

Міндеттері:

- 1) жоба менеджерінің жалпы басшылығымен оған бекітілген жоба қатысушыларына қызмет көрсетеді;
- 2) жоба қатысушыларының тарихын/жеке карталарын жүргізеді, қажетті деректерді, барлық белгілеулерді мұқият енгізіп отырады (метадон мөлшерінің есебін және өзгеруін).

*Ескерту: Жаңа түскен жоба қатысушыларының ауру тарихы/жеке картасы олардың жобаға келген уақытынан бастап 24 сағаттан кешіктірмей, метадонның есептелген бірінші дозасын бергенге дейін толтырылады. Қатысушы жобадан шығып кеткен жағдайда, психиатр-нарколог дәрігері ауру тарихы/жеке картасына эпикриз жазады және жоба менеджерінің қолы қойылған соң ауру тарихын аурухананың медициналық мұрағатына тапсырады.*

- 3) метадонның қажетті қолдаушы дозасының есебін (орынбасушылық терапия ретінде), жоба қатысушыларының қажетті диагностикалық зерттеулерін, оның ішінде дәрігерлік манипуляцияларды жүргізеді;

- 4) жоба менеджеріне «орынбасушылық» дозасын анықтамасындағы барлық қиыншылықтар туралы, сонымен қатар бағдарлама қатысушылары жағдайларында болған өзгерістер туралы баяндайды;
- 5) жоба қатысушыларына метадонмен орынбасушылық терапия бойынша оның орташа медициналық персоналға берген белгілеулері мен нұсқауларының дұрыс және уақытында орындалуын тексереді;
- 6) жоба қатысушыларымен терапевт немесе ко-терапевт ретінде психотерапевтикалық сессияларға мерзімді қатысып отырады;
- 7) психиатр-нарколог дәрігері өз біліктілігін жетілдіріп отыруы керек, орынбасушылық терапия тақырыбына арналған семинарларға қатысуы, жалпы ауруханалық конференцияларға, кеңестерге жүйелі түрде қатысып отыруы керек;
- 8) жобаға қатысушылардың уақтылы зертханалық тексерулерін бақылайды (зәрді есірткі заттары метаболиттерінің бар-жоғына зерттеу);
- 9) орынбасушылық метадондық терапия бойынша жобада жұмыс істейтін орта медициналық персоналдың біліктігін жоғарылату және оқыту бойынша өткізілетін сабақтарға қатысады;
- 10) жобаның моральды-құқықтық нормаларын және кәсіби қатынас үрдісінде жоба қатысушылары туралы құпиялылықты сақтайды.

#### **Психотерапевт/психолог –дәрігері**

Жалпы ережелер:

1. Психотерапевт/психолог дәрігері лауазымына наркология, психотерапия саласында тәжірибесі бар, сонымен қатар барлық қажетті біліктілік талаптары бар дәрігер тағайындалады.
2. Психотерапевт/психолог дәрігері тікелей жоба менеджеріне бағынады.

Міндеттері:

- 1) жоба менеджерінің жалпы басшылығымен оған бекітілген жоба қатысушыларына қызмет көрсетеді: жеке, топтық, отбасылық психотерапияны, әлеуметтік-психологиялық тренингтерді өткізеді;
- 2) жоба қатысушыларының қарталарында мерзімді жазулар жүргізеді;
- 3) жоба қатысушыларының туыстарымен психотерапевтикалық сессиялар өткізеді;
- 4) жоба қатысушылары туралы анонимділік/құпиялылықты сақтай отырып, терапевтикалық процесстерге қатысты қажетті кеңестер және анықтамалар береді;
- 5) орынбасушылық метадондық терапия бойынша жобада жұмыс істейтін орта медициналық персоналдың біліктігін арттыру және оқыту бойынша өткізілетін сабақтарға қатысады;
- 6) психотерапевт-дәрігері өз біліктілігін арттырып отыруы керек, орынбасушылық терапия тақырыбына арналған семинарларға, жалпы ауруханалық конференцияларға, кеңестерге жүйелі түрде қатысып отыруы керек;
- 7) жоба менеджеріне «орынбасушылық» дозасын анықтамасындағы барлық қиыншылықтар туралы, сонымен қатар бағдарламаның қатысушыларының жай-күйінде болған өзгерістер туралы баяндайды;
- 8) жобаның моральды-құқықтық нормаларын және кәсіби қатынас үрдісінде жоба қатысушылары туралы құпиялылықты сақтайды.

#### **Орынбасушылық терапия кабинетінің медициналық бикесі**

Жалпы ережелер:

1. Орынбасушылық терапия кабинетінің медициналық бикесі лауазымына орта медициналық білімі, стационарда жұмыс өтілі және наркологиялық бөлімнің медициналық бикесі ретінде жұмыс істеуге рұқсат беретін арнайы дайындығы бар тәжірибелі медициналық бике тағайындалады.
2. Орынбасушылық терапия кабинетінің медициналық бикесі тікелей жоба менеджеріне бағынады.

Міндеттері:

- 1) жеке гигиена, санитарлық-эпидемиялыққа қарсы жұмыс тәртібін, дезинфекция және стерилдеу талаптарын сақтау; процедуралар өткізу кезінде асептика және антисептика ережелерін сақтау;
- 2) жоба қатысушыларынан АҚТК-ға тексеру үшін тамырдан қан алу;
- 3) іс жүргізу, журналдарды жүргізу; бақылау бетінде және метадонның шығыс журналына препараттың жеке мөлшерлемелерін уақытында тіркеу;
- 4) метадон беру пунктінде метадонды алу, мөлшерлеу және беру;
- 5) орынбасушылық терапия кабинетінде емделушілердің метадонды қабалдауларын бақылау;
- 6) наркологиялық диспансер клиникалық-биохимиялық зертхана қызметкерлерінің зәрде басқа есірткі заттар метаболиттерінің бар-жоғын тексеру үшін зәр тест-бақылауын жүргізуге емделушілерді іріктеулері;
- 7) жобаның моральды-құқықтық нормаларын және кәсіби қатынас үрдісінде жоба қатысушылары туралы құпиялылықты сақтау;
- 8) еңбек тәртібін және жұмыс күн тәртібін сақтау.

### **Әлеуметтік қызметкер**

Жалпы ережелер:

1. Орынбасушылық терапия жобасында жұмыс істейтін әлеуметтік қызметкер қызметіне «Әлеуметтік қызметкер» (немесе «әлеуметтік педагог») мамандығы бойынша алған білімі бар маман тағайындалады.
2. Орынбасушылық терапия кабинетінің әлеуметтік педагогі тікелей жоба менеджеріне бағынады.

Міндеттері:

- 1) психотерапевтикалық топтарда жоба қатысушыларымен мерзімді қатысу;
- 2) өз біліктілігін жетілдіру, орынбасушылық терапия тақырыбына арналған семинарларға қатысу, жалпы ауруханалық конференцияларға, кеңестерге жүйелі түрде қатысу;
- 3) әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешуге көмек көрсету (еңбек биржасына тіркеу, жұмыссыздық бойынша жәрдемақыны ресімдеу, тұлғаны куәландыратын құжаттарды ресімдеу және т.б.);
- 4) жоба қатысушыларының отбасыларына мерзімді барып отыру немесе жоба қатысушыларының отбасы мүшелерімен кездесу, жоба қатысушыларының отбасылық-әлеуметтік динамикасын байқау;
- 5) жоба қатысушыларының жұмыс орындарына мерзімді барып отыру немесе олардың басшыларымен кездесу, жоба қатысушыларының әлеуметтік-еңбек динамикасын байқау;
- 6) жоба қатысушыларының ауру тарихына/жеке картасына байқауларын мерзімді жазып отыру;
- 7) жоба қатысушыларына өзара қолдау және өзара көмектесу сұрақтары бойынша кездесулер мен отырыстарды мерзімді ұйымдастыру.

### **Фармацевт**

Жалпы ережелер:

1. Орынбасушылық терапия жобасында жұмыс істейтін фармацевт қызметіне «Фармацевт» мамандығы бойынша арнаулы орта медициналық білімі бар маман тағайындалады.
2. Орынбасушылық терапия кабинетінің фармацевті тікелей жоба менеджеріне бағынады.

Міндеттері:

- 1) орынбасушылық терапия кабинетінің медициналық бикесіне метадонды босату;
- 2) метадонның қозғалысын есептеп отыру;
- 3) құжаттаманы жүргізу: метадонның қозғалуын уақытында көрсету;
- 4) жоба қатысушыларының қолдануы үшін метадонның дайын формасын дайындау;
- 5) метадонның сапасын бақылау.

### **Бухгалтер**

Жалпы ережелер:

1. Орынбасушылық терапия жобасында жұмыс істейтін бухгалтер қызметіне «Бухгалтер» мамандығы бойынша бітірген жоғары немесе арнайы орта білімі бар маман тағайындалады.
2. Орынбасушылық терапия кабинетінің бухгалтері тікелей жоба менеджеріне бағынады.

Міндеттері:

- a. Бухгалтерлік есепті ұйымдастыруды жүзеге асыру;
- b. Келіп түсетін ақша қаражаттарының және тауарлық-материалдық құндылықтарының толық есебін жүргізу;
- c. Еңбекақыны дұрыс есептеу және бюджетке төлемдерді, әлеуметтік сақтандыру жарналарын аудару;
- d. Банктік операцияларды орындау;
- e. Міндетті есеп-қисапты жүргізу.

### **4.4. Жұмыс уақыты**

Павлодар қаласында метадон гидрохлориді ерітіндісін беру және қабылдау күн сайын сағат 8.00-ден 10.00-ға дейін және сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін жүргізіледі. Теміртауда метадонды қабылдау кесте бойынша жүргізіледі: күн сайын сағат 10.00-ден 11.00-ге дейін және 17.00-ден 18.00-ге дейін. Жұмыс кестесі емделушілердің қажеттіліктерін скере отырып жасалды.

Ғимараттардың 1 қабаттарында орналасқан арнайы метадон беру кабинеттері ұйымдастырылған.

### **4.5. АОТ өткізу тәртібі және шарттары**

Қазақстанда орынбасушылық терапия бағдарламасы бірнеше шарттардың орындалуын талап етеді. Ол шарттар ҚР ДСМ 2005 жылғы 08 желтоқсандағы «Орынбасушылық терапияны енгізу туралы» №609 бұйрығымен қарастырылған.

1. Метадондық терапия тек героиннен моноесірткілік тәуелділікпен ауыратын және оны инъекция көмегімен енгізетін тұлғаларды ғана емдеу үшін қолданылуы керек.
2. Емделуші метадон терапиясын алатын елді мекенде тұрақты тұруы керек.
3. Емделуші бағдарламаға анонимді емес, ашық түрде қатысуға келісімін беруі керек.
4. Емделуші героин мен апиындардың жоғын дәлелдеу үшін зәр анализдерін мерзімді тапсырып отыруға келісім беруі керек.

### **Орынбасушылық терапияны қолдану көрсеткіштері:**

- жасы 18-ден асқан;
- диагнозы апиынға тәуелділік (F 11.2);
- есірткіні инъекция арқылы тұтынудың анықталған өтілі (3 жылдан кем емес);
- құжатпен расталған 2-3 емделудің сәтсіз әрекеттері;
- басымдылық АҚТК/ЖҚТБ-мен ауыратын тұлғаларға беріледі;
- АОТ бағдарламасының есірткіге тәуелді қатысушыларының жүктілігі;
- Аналы түрде ақпараттық келісім беру қабілеттілігі;
- ҚР азаматтығы.

Метадонды белгілуге келесі жағдайлар қарсы көрсеткіш болып табылады:

- препаратқа гиперсезімталдық (аллергиялық көріністер);
- ауыр когнитивтік бұзылулар немесе ақыл-ой кемістігі.

Жаңадан қабылданған барлық емделушілерді АОТ бағдаламасының пилоттық сипаты туралы құлақтандырды және жыл бойы (және одан әрі жоба жалғасқан жағдайда) бағдарламаға қатысуға, бағдарламадан кейіннен жоспарлы шығуға ынталандырды.

Емделушіні орынбасушылық терапия бағдарламасына кіргізу туралы мәселе Кеңестік комиссия отырысында (құрамында - бағдарлама менеджері-төраға, дәрігер-нарколог, психолог және әлеуметтік қызметкер) бағдарламаға қыбылдау кезінде келтірілген критерилерден басқа, 2005 жылғы 08 желтоқсандағы ҚР ДСМ «Орынбасушылық терапияны енгізу туралы» №609 бұйрығында қарастырылған жағдайларды ескере отырып шешілді.

Емделушілердің бағдарламадан шығарылуы келесі жағдайларда қарастырылған:

- заңсыз есірткіні тұтынуын жалғастыру (қанда немесе зәрде есірткінің бар-жоғына тест нәтижелері бойынша);
- алкогольдік тәуелділіктің клиникалық белгілері мен алкогольді жүйелі түрде асыра пайдалану;
- бағдарламаға жүйелі түрде қатыспау, бағдарламаның дәрігерімен және психолог/психотерапевт дәрігерлерімен байланыстан бас тарту;
- бағдарлама қатысушысына қарсы қылмыстық іс қозғаумен бағдарламада болған кезеңде қылмыстық жазаға тартылатын әрекеттер жасау;
- заңсыз есірткі саудасынан күдіктену;
- метадонды кабинеттен рұқсатсыз шығаруға әрекеттенуі;
- бағдарламаның басқа қатысушыларына және персоналына агрессия көрсету.

### **4.6. АОТ өткізу технологиясы**

Емделушілерді бағдарламаға қабылдау АОТ өткізілуіне жауапты нарколог-дәрігерлердің ұсынымдары бойынша кеңес беру комиссиясының мамандарымен жүзеге асырылады.

АОТ бағдарламасына қабылдаған жағдайда емделушімен келісімшарт жасалады, онда тараптардың құқықтары мен жауапкершілігі анықталған, бұл жағдайда – наркологиялық мекеме мен емделуші арасында.

АОТ кейінгі үрдістері 2 кезеңнен тұрады:

А) 1 кезең – 3-5-7 күн ішінде амбулаторлық жағдайда метадонның бастапқы мөлшерлемесін сұрыптау (стационар орнын басатын жағдайлар) ;

Б) 2 кезең- амбулаторлық жағдайда қолдаушы емді жүзеге асыру және аудару;



Әр емделуші үшін бірқатар міндетті процедуралары қарастырылған тексерудің және емдеудің жеке жоспарлары әзірленді, соның ішінде:

- В және С гепатиті, АҚТК-инфекциясы, жыныстық аурулар және басқа ауруларға тексеру;
- Медициналық асқынуларды емдеу, жалпы нығайту қолдау терапиясын өткізу;
- Психологиялық және әлеуметтік оңалту іс-шараларын өткізу.

Амбулаторлық жағдайда мөлшерлемелердің түзетілуі бағдарламаның нарколог-дәрігерімен жүргізілді.

ОТ бағдарламасында емделушілердің қатысуларының жоспарлы және жоспардан тыс тоқтатылуына байланысты метадонмен детоксификациялаудың 2 нұсқасымен жұмыс атқарылды:

- 1) Орта мерзімді детоксификация (әдетте 1 ай ішінде)- емделушінің өтініші бойынша емдеуді жоспардан тыс тоқтату кезінде қолданылды; бір ай ішінде метадон мөлшерлемесін біртіндеп төмендету болды;
- 2) Ұзақ мерзімді детоксификация (әдетте 3-4 ай ішінде)-ОТ бағдарламасында емделушінің қатысуы жоспарлы аяқталған жағдайда қолданылды.

Барлық жағдайларда, емделушінің келісімімен, детоксикация стационарлық жағдайда өткізілді (гепатопротекторларды белгілеумен, дезинтоксикациямен, витаминотерапиямен үйлескен психотроптық препараттардың комбинациясын қолдану).

Емдеу бағдарламасынан жоспарлы шығу кезінде, емделушінің мақсатымен байланысты, онымен есірткі заттарынан толық тартынуды қарастыратын, оңалту бағдарламаларына қатысуға ынталандыру бойынша жеке жұмыстар жүргізілді.

#### 4.7. АОТ бағдарламасының әлеуметтік-психологиялық компоненті

Жобаны іске асыру барысында міндетті түрде психотерапевтикалық топтар, әлеуметтік қызметкермен жұмыс жүргізіліп отырды.

АОТ бағдарламасына кірер кезде барлық емделушілермен жеке психологиялық кеңес беру жүргізілді, оның барысында, емделушілердің проблемалық профилдері теңдестірілді, қалыптасқан жағдайдан шығу жолдары анықталды.

Топтық сабақтар аптасына 2 рет өткізіліп отырды. Топтық сабақтардың ұзақтығы 3 сағатқа дейін (сағат 10-13 дейін).

Жеке жоспар бойынша әлеуметтік қызметкер кеңес және көмек беріп отырды.

#### 4.8. Қосымша қызметтер

АОТ пилоттық бағдарламалары шеңберінде, метадон беруден басқа, қосымша қызметтердің келесі түрлері қарастырылған.

1. Ілескен соматикалық бұзылуларды емдеу бойынша терапевт-дәрігердің кеңес беруі және ұсыныстары.

2. Бағдарламаға қатысушылары, олардың туыстары үшін тақырыптық семинарлар өткізу.

Семинарлар нарколог, психолог/психотерапевт дәрігерлердің қызметі шеберінде өткізілді және басқа елдердегі АОТ тәжірибесі, түрлі психикалық белсенді заттардан тәуелділіктің құрылу биологиялық механизмдері, қолдау терапиясы, АҚТК-инфекциясы (отбасында бірге тұру, қолдау терапиясы, АРТ, АҚТК-инфекциясын қасақана тарату үшін әкімшілік жауапкершілік және т.б.) туралы мәселелер жарыққа шықты.

#### 4.9. Жобаның қаржылық сипаттамасы (2008-2009 жылдар)

##### 4.9.1. Шығындардың негізгі баптары

Терапияның бұл түрі алғашқы рет Қазақстанда енгізілгендіктен, көп алғашқы шығындар барлық баптар бойынша болды дерлік.

#### 4.9.1.1 Жобадағы жұмыс үшін төлеу

Жобаның барынша шығынды бөлігі персоналға еңбекақы төлеу болып табылды. Екі аймақта 9 адамға еңбекақы төлеу шығындары 9 520 АҚШ долларын немесе 1 142 400 теңгені құрады.

#### 4.9.1.2. Персоналды оқыту

Жобаны іске асыру кезеңінде мамандардың оқытылуы Қырғызстанда өткізілді. Сонымен қатар, қызметкерлердің сұраулары бойынша клиникалық сұрақтар бойынша халықаралық эксперт тартылды. Оқуға шығындалған жалпы сома 8 114 АҚШ долларын немесе 973 793 теңгені құрады.

Ұсыныс ретінде келесілер ұсынылды.

1. ҚР ДСМ-не барынша жақын арада жылдық мерзімнің аяқталуына дейін Қазақстан Республикасының қалаларында және басқа облыстарында метадондық терапия бағдарламасын кеңейту және енгізу туралы мәселені қою үшін атқарған жұмыс және АОТ жоғары тиімділігі туралы есепті ұсыну.
2. Жобаның жабдықталғанын және медперсоналмен қамтамасыз етілгенін есепке ала отырып, әр ЛПУ-да (Павлодарда және Теміртауда) 100 емделушіге дейін санды көбейтуді ұсынуға болады. Мұндай кеңейту персонал санын емес, тек метадон жеткізуді көбейтуге әкеліп соғады.
3. Емделушілер және қоғам арасында метадондық терапияны адвокаттау бойынша жұмысты белсенді жүргізу. Жергілікті БАҚ үшін мақала, емделушілер мен олардың туыстарының қатысуымен теледидарға бағдарлама дайындаған пайдалы болар еді. Науқастар арасында метадондық терапия туралы ақпараты бар жадынамаларды, буклеттерді, парақшаларды тарату.
4. ПМ өкілдерімен кездесулерді өткізуге бастамашылық ету және оларға АОТ мақсаттарын және міндеттерін, оларға осы емдеудің басты тиімділігі ИЕТ ортасында қылмыстың төмендеуі болып табылатынын түсіндіру. Емдеу мекемесі қызметіне заңсыз араласу әрекеттері болған жағдайда прокуратураға шағымдану.
5. Инфекционист-дәрігерлер арасында ВААРТ белгілеуге қатысты ИЕТ дискриминациясы әжірибесіне жол бермеу туралы мәселені көтеру. ДДСҰ хаттамасына сәйкес (ИЕТ-ң АҚТК-жүкпалы ауруларды емдеу, 2008) тіпті есірткіні жүйелі түрде тұтынатын ауруларға АРВ-терапиясы қолжетімді болуы керек. Ал АОТ қатысушыларына келсек, олардың осы емді алуларына барлық негіздері бар және метадондық бағдарлама бітіп қалуы мүмкін деген сылтау оған ақталу олмайды.
6. Дәрігерлер емделушілердің соматикалық статусына көбірек назар аударулары керек және ілеспе аурулардың (ЖҚТБ, туберкулез, психикалық бузылу және т.б.) терапиясына белсенді қатысу.
7. Абстиненцияның дамуына және заңсыз есірткі тұтынуын жол бермей, метадонның көбірек жоғары дозаларын белгілеу қажет. Метадонның орта дозалары 100-120 мг диапазонында болуы тиіс.

#### 4.9.1.3 Негізгі дәрі-дәрмектер

Елу адамға деп есептегенде метадон гидрохлоридін сатып алуға 33 750 АҚШ доллары жұмсалды. Су, диспенсерлер, дозаторлар, біржолғы стақандар – мұның бәрі метадон ерітіндісін ішке қабылдау үшін қажет, оған қоса метадон ерітіндісінің индикаторы – 7 500 АҚШ долларын құрайды. Препаратты сақтау және жеткізу шығыны 10 125 АҚШ долларын құрады.

Метадон есірткі заттар тобына жататындықтан, наркологиялық орталықтарда мамандандырылған күзет қажет болды (2 000 АҚШ доллары), күзет сигналдаулары үшін жабдық (958 АҚШ доллары) және сейф (1 350 АҚШ доллары).

#### 4.9.1.4 Қосымша дәрі-дәрмектер, стрип-тестілер

Заңсыз дала есірткі заттарын қабылдауларын бақылау үшін 32 000 АҚШ доллары сомасына 3 200 дана стрип-тестілер сатып алынды.

Қосалқы әсерлерді шешу үшін (іш қату, лоқсу, жабырқанқы көңіл-күй) және дозаны сұрыптау және тұрақтандыру кезінде, симптоматикалық терапияны белгілеу қажет болды, оған да 8 100 АҚШ доллары немесе 972 000 теңге көлемінде қаражат бөлінді.

#### 4.9.1.5 Әкімшілік-шаруашылық шығындар

Жобаны іске асыру барысында қажетті жиһаз, жұмсақ құрал-сайман, компьютерлік жабдық (14 000 АҚШ доллары), телекоммуникация құралдары, кеңсе заттары сатып алынды, әкімшілік және басқа да күтпеген шығындар ( 19 749 АҚШ доллары).

#### 4.9.2 Шығындардың жалпы сомасы

Жоғарыда көрсетілген 2008-2009 жылдар аралығындағы барлық шығыстар -211 092,23 АҚШ долларын немесе 25 482 594 теңгені, апиынды орынбасушылық терапияның бір емделушіге есептегенде– 4 222 АҚШ долларын құрайды.

#### 4.9.3 Жаңа сайттар ашқан кездегі шығыс баптары бойынша ықтимал үнем

Жаңадан ашылған сайттар үшін АОТ жобаларын қаржыландыруда жоспарланған өзгерістер №4 кестеде ұсынылған

АОТ жобасын іске асыруды жоғары өкілетті мемлекеттік орган мақұлдаған және емдік наркологиялық желіге апиынды орынбасушылық терапияны енгізген жағдайда, қызметкерлерге барлық төлемдерді жергілікті бюджет қаражатынан өтеу, АОТ қабылданатын емделушілерге жетекшілік ететін медициналық қызметкерлердің штаттық құрылымына енгізу күтіледі.

Бұрынғы аймақтарда жұмысты жалғастыру үшін (Теміртау, Павлодар) АОТ қабылдайтын, емделушілердің шығындары минимумға дейін қысқартылады, себебі инфраструктура және басқа құрал-жабдық (компьютермен қамтамасыз етілу, сейф, жұмсақ құрал-сайман, жиһаз, күзет сигналдаулары үшін жабдық, телекоммуникациялар, дайындық кезеңіне қаржыландыру) – 2008 жылдан бар. Осыған байланысты, метадонды сатып алуға, диспенсерлерді, суды, препаратты қабылдау үшін біржолғы ыдыс-аяқты, симптоматикалық емдеу үшін дәрі-дәрмек құралдарын сатып алуға, сақтауға, жеткізуге шығындар жоспарлануда. Стрип-тестілер 2009 жылдан қалған және олар қажет болып қалған жағдайдың өзінде олар айтарлықтай аз мөлшерде алынады.

№4 кесте – Шығыс баптары бойынша ықтимал үнем

№	Шығыс баптары	Ықтимал өзгерістер
1	Метадон гидрохлоридін сатып алу, сақтау, жеткізу	Өзгеріссіз
2	Қабылдау үшін дозаторлар, су, біржолғы стақандар	Өзгеріссіз
3	Симптоматикалық емдеу үшін дәрі-дәрмек препараттары	Өзгеріссіз (халықаралық эксперттің ұсынысы бойынша, сонымен қатар клиникалық зерттеулердің нәтижесі бойынша)

4	Күзет жабдыктары, сейфтер, сигналдау	Өзгеріссіз
5	Стрип-тестілер	Заңсыз есірткі заттарын тұтынуға күдік туған кезде ғана
6	Компьютермен қамтамасыз ету және телекоммуникациялар	Қажеттілікке қарай (сайтқа мониторингті жүргізу үшін бір ЖК)
7	Мультитәртіпті топ мамандарын оқыту, тренингтерді, семинарларды өткізу шығындары, шақырылған кеңесшілерге төлеу	Жаттықтырушы, кеңесші ретінде отандық мамандарды қатыстыру. Біріншілік мамандандыру, нарколог-дәрігерлер, психотерапевтер, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, наркологиялық практикада іске қосылған волонтерлар, сонымен қатар денсаулық сақтау ұйымдастырушылары үшін тақырыптық жетілдіру курстарында АОТ сұрақтарын оқу жоспарларына енгізу.
8	Келесі мамандарға ғана еңбек ақы	Тікелей емделушілермен жұмыс істейтін персоналдар жиыны: нарколог-дәрігері- -2 ставка, психолог/психотерапевт-дәрігері -1 ставка, әлеуметтік қызметкер-1 ставка, медбике-2 ставка

Сонымен қатар, тікелей емделушілермен жұмыс істейтін персоналдың, мемлекеттік медициналық мекемелерде, белгілі жүктеме нормасы бар. ҚР ДСМ 2004 жылғы 24 қазандағы № 764 бұйрығына сәйкес 1 нарколог-дәрігері лауазымына есірткіге тәуелді 20 емделуші, 1 психолог/психотерапевт-дәрігері лауазымына 50 емделуші, медбике - әр күндізгі стационардағы 20 төсекке 1 лауазым, әлеуметтік қызметкер - әр наркологиялық бөлімге 1 лауазым есебінен жүктеме нормасы белгіленеді. Осы ҚР ДСМ бұйрығымен байланысты №8 кестенің 8 тармағында ұсынылатын штаттық бірліктер көрсетілген.

Осылайша, құрылған инфрақұрылым және жеткілікті штаттық қызметкерлері бар, облыстық наркологиялық медициналық ұйымдарда АОТ экономикалық тиімділігі есірткіге тәуелді тұлғалардың стационарлық емделуімен салыстырғанда әбден ақталады.

#### 5. АОТ бағдарламаларын іске асырудың негізгі нәтижелері және тиімділігінің бағасы

##### 5.1 Зерттеу барысында бағаланған негізгі зерттелетін параметрлер

Осы зерттеулер шеберінде біз метадонмен орынбасушылық терапиядағы, АҚТК-жұқпалы аурулы тұлғалардың келесі негізгі зерттеу параметрлерін алдық:

- А) клиникалық сипаттамалар;
- Б) емделуші статусының психологиялық және әлеуметтік сипаттамалары.

##### 5.2 Өткізіліп жатқан зерттеудің, оның процедураларының және кезеңдерінің дизайнін сипаттау

Бұл зерттеу экспериментальды болды, онда зерттеуші эксперимент жүргізеді (метадонды белгілеу) және зерттелетін параметрлердің өзгеруін салыстырады.

Бұл зерттеуде метадонмен орынбасушылық терапиясы бағдарламасының әр түрлі кезеңдерінде АҚТК-жұқпалы аурулы және АҚТК-негативті тұлғалар бақыланды.

Зерттеу әдісі орынбасушылық терапияның әр түрлі кезеңдеріндегі зерттелетін топтың параметрлерін салыстырып қарауда болып табылады.

Зерттеудің принципі психопатологиялық, соматикалық және неврологиялық белгілерін және олардың кешенін, оған қоса орынбасушылық терапиясы бағдарламасындағы, тұлғалардың әлеуметтік-психологиялық сипаттамалардың әр түрлі көрінуін салыстырмалы талдауда болып тұр.

Деректер бағдарламаға кіргізгеннен бірінші 2 апта бойы және екінші рет 3 айдан кейін жиналды.

Зерттеу деректерін сандық және сапалық жинау әдісін қолданумен, оның ішінде стандарттық сауалдамалар бойынша емделушілермен сауалнама жүргізумен, емделушіні

дәрігермен қарау және картасын толтырумен жүргізілді. Зерттеудің негізгі құралы ретінде «Нашақорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемаларының республикалық ғылыми-практикалық орталығы» РМҚК (ҚР, Павлодар қ.) әзірлеген эпидемиологиялық зерттеулер үшін базистік карта болып табылады.

Бұл жағдайда, валидтілік- параметрлер дәлдігі:

- 1) валидтік психологиялық тестілерді қолдануымен қол жеткізілді;
- 2) сертификатталған зертханамен зертханалық клиникалық-биохимиялық зерттеулерді жүргізумен қол жеткізілді;
- 3) эксперттік бағалау білікті дәрігермен өткізілді.

### 5.3. Ақпаратты жинау және талдау әдістері

Емделушінің медициналық жай-күйін, тұлғалық-психологиялық және әлеуметтік статусын бағалау үшін келесі зерттеу әдістері қолданылды:

- клиникалық әдіс;
- клиникалық-психологиялық әдіс;
- әлеуметтік-психологиялық әдіс;
- зерттеудің статистикалық әдісі.

#### 5.3.1. Клиникалық әдіс

Бұл зерттеу әдісі клиникалық диагнозды және анықталған ілеспе ауру белгілерін, преморбидтік патологияны, негізгі аурудың асқынуын квалификациялау және клиникалық-биохимиялық, нейрофизиологиялық, дәрігерлік-клиникалық қараулардың көрсеткіштер динамикасын зерттеу мақсатымен қолданылды. Ауруларды диагностикалаудың клиникалық критерийлері аурулардың оныншы қайта қараудың халықаралық классификациялаудың критерийлері болды –МКБ-10 (ICD-10, 1994).

Осы зерттеу әдісінде ерекше назар наркологиялық ауруларды, ПБЗ тұтыну нәтижесінде психикалық және мінез-құлықтық бұзылулар МКБ-10 критерийлеріне сәйкес – көрсетілген базистік дәйекті негізгі белгіні квалификациялау; түрлі кезеңдерде тәуелділік белгісінің көрінуі (Метадонды-ПБЗ белсенді тұтыну мерзімі, өткір абстиненттік мерзімі, абстиненттіктен кейін мерзім) кезінде диагностикалау критерийлерін бағалауына берілген .

Клиникалық-биохимиялық зертханаларда зерттелген клиникалық-зертханалық зерттеу хаттамаларының стандарттық формаларында тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, алдын ала қойылған диагноз, қаралу күні, анализдер нәтижелердің көрсеткіштері тіркелген.

#### 5.3.2. Клиникалық-психологиялық әдіс

Осы әдіспен жеке дара өзіндік ерекшеліктердің өзгеру динамикасы зерттелді, мінез-құлық, когнитивтік және эмоциялық салаларда өзгерістердің анық көріну деңгейі анықталды.

Келесі психологиялық әдістер мен тестілер қолданылды: ММРІ қысқартылған нұсқасы, депрессия шкаласы.

Психологтармен жүргізілген психологиялық зерттеулердің хаттамаларының стандарттық түрлерінде тіркеледі: зерттелушінің тегі, аты, әкесінің аты, туған жылы, жынысы, тестілеудің күні, психологиялық диагностикалауға кіретін, ауалдамалардың атаулары. Хаттамаларда әр психологиялық тестілеуге көрсеткіштер мен интерпретация, сонымен қатар қызметтік ақпарат түрінде психодиагностикалық зерттеу деректері бойынша қорытындылар бар.

#### 5.3.3. Әлеуметтік-психологиялық әдіс

Осы әдістің көмегімен емделушілердің әлеуметтік қызметтері зерттелді. Бұл жағдайда өмір сапасы және аддикцияның ауырлық индексі (бөлімдер жұмыс, заңды статусы, отбасылық/әлеуметтік статусы) бағалау шкаласы қолданылды.

#### 5.3.4. Зерттеудің статистикалық әдісі

Бұл әдіс клиникалық-психопатологиялық, эксперименттік-психологиялық параметрлері бойынша динамиканың осы зерттеудің көрсеткіштерін айырмашылықтардың нақтылық бағасымен талдау мақсатымен қолданылды және ESAG эксперттік жүйесі пакетіне кіретін, Agstat ехе компьютерлік бағдарламасымен жүзеге асырылды.

#### 5.4. АОТ бағдарламасының жалпы көрсеткіштері

##### 5.4.1. АОТ пилоттық жобасы бойынша жалпы деректер

Төменде ұсынылған №№ 5-9 кестелерде жеке екі қалада және жалпы ҚР бойынша АОТ жоба топтарының жалпы сипаттамасы ұсынылған.

АОТ бағдарламасының тиімділігі жыл бойы жобада болған тұлғалардың пайыздық ара қатынасымен сипатталды. Бұл көрсеткіш АОТ бағдарламасына қабылдаудың барлық жағдайлардың санынан (2008 ж., қараша айынан бастап) келесі көрсеткіштер санына (соңғылар кестеде бөлініп көрсетілген) ара қатынасынан есептелді:

- бағдарламадан шығып кеткен, яғни оң нәтижемен жоспарлы тәртіпте емдуді аяқтаған емделушілер саны;
- бағдарламадан шығып кеткен, яғни бұрын істеген қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған емделушілер саны;
- бағдарламадан шығып кеткен, яғни қайтыс болған емделушілер саны;
- бағдарламаға қайтадан қабылданған емделушілер саны;
- жылдың соңына, бағдарламаға қатысатын емделушілер саны.

Осылайша, жылдың аяғына АОТ бағдарламасында ұстап қалу деңгейі Павлодар аймағы бойынша 72,9 %, Теміртау бойынша-75,67 % құрады. Орташа коэффициент 74,28 % құрады, ол Қазақстанда апиынды тәуелділікті емдеу бағдарламасы үшін өте жақсы көрсеткіш болып бағалануы керек.

#### №5 кесте-АОТ жоба қатысушылары туралы сандық деректер

№ р/с	Критериилер	Павлодар қ.	Теміртау қ.	ҚР барлығы
1	2008 жылдың қараша айынан бастап, АОТ бағдарламасына қабылдаудың барлық жағдайларының саны	48	37	85
2	Жобаны іске асыру жылы ішінде бағдарламадан шығып кеткен емделушілер саны	21	18	39
	<i>Оң нәтижемен жоспарлы тәртіпте емдуді аяқтаған емделушілер саны</i>	5	2	7
	О.і. жоспардан тыс емдуді тоқтату	10 (жоспарлы шығудан тыс емдеуден үзілді-кесілді бас тарту)	10 (жоспарлы шығудан тыс емдеуден үзілді-кесілді бас тарту)	20
	<i>О.і. бұрын істеген қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған емделушілер</i>	2	2	4
	О.і. АОТ жобасына қатысу кезінде істеген қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған емделушілер	2	-	2
	Тәртіпті бұзғаны үшін шығарылған (тұрақсыз қатысу – 5-10 күнде 1 рет)	1	3	4
	Медициналық персоналға қатысты агрессия көрсеткен үшін шығарылған	-	1	1
	<i>Қайтыс болған</i>	<i>1 (соматикалық)</i>	-	<i>1</i>

		<i>күйі бойынша)</i>		
3	<i>Бағдарламаға қайтадан қабылданған емделушілер саны</i>	1	2	3
4	<i>Жылдың соңына бағдарламаға қатысатын емделушілер саны</i>	26	22	48
5	Бағдарламада ұстап қалу пайызы	72,9 %	75,67 %	74,28 %

№5 кестенің 2 тармағынан көріп отырғандай, емдеу бағдарламасына қатысуын аяқтау және шағып кету түрлі себептермен болып отырды, оның ішінде келесілері негізгі болып келеді (жиіліктің төмендеуі бойынша көрсетілген).

1. *АОТ бағдарламасынан өз бетімен жоспардан тыс шығып кету.* АОТ шығып кетудің себебі ең көп кездесетіні (бағдарламадан мерзімнен бұрын шығып кетудің барлық себептердің 51,28 % құрайды), алдын ала әңгімелесуге және келісімшартты жасасу шарттарын түсіндіруіне карамастан. Мұнда емделушілер метадоннан басқасын күткенін (мастануды сезбеген), мекен-жайларын ауыстырғандықтан және т.б. байланысты, күн сайын перпараттың дозасына келіп отырудан шаршағандарымен түсіндіріп, емделуден үзілді-кесілді бас тартқан жағдайлар кіреді.
2. *Дәрігер мен емделушінің келісімі бойынша емделудің жоспарлы яқталуы нәтижесінде АОТ бағдарламасынан шығару.- 17,94 %.* Бұл көрсеткіш емделуші үшін емделудің жеке жоспарын толық орындау туралы және емделуден күтілген әсерге жетуін дәлелдейді. Осы кезге барлық емделушілер заңсыз есірткі заттардан тартынып жүр, психотерапевтикалық топтарға эпизодтық қатысады, жеке кәсіпорындарда жұмыс істейді.
3. *Тәртіпті бұзғаны үшін, дәлірек метадон гидрохлоридін беру пунктеріне тұрақсыз барғаны нәтижесінде АОТ бағдарламасынан шығып кету.* Бұл емделушілер тобы метадонды 5-10 күнде 1 рет қабылдаған. Сонша ұзақ үзілістер емделушілердің психикалық белсенді заттардан толығымен ұстанумен оңалту бағдарламаларын өту мүмкіндігі туралы дәлелдейді, оларға солай істеу ұсынылды. Бұл себеп АОТ бағдарламасынан шығудың барлық себептерінің 10,25% құрады.
4. *АОТ жобасына қатысу кезінде істеген қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылғандықтан АОТ бағдарламасынан шығып кету (5,12%).* Бұл себеп клиенттердің бір бөлігі нормативтік, әлеуметтік икемделген өмірге қиын тартылуын дәлелдейді. Емделушілердің өмірлерінің ұзақ дезадаптивтік мерзімін еске ала отырып, ықтимал криминалдық эксцесстерді болжамдауға болар еді.
5. *Медициналық персоналға қатысты агрессия көрсеткені үшін шығарылған жағдайлар 2,56% құрады.*
6. *Емделушінің қайтыс болу себебі бойынша АОТ бағдарламасын тоқтату 2,56% құрады.* Мұнда бұл жалғыз қазалы оқиға. Өлімнің себебі АҚТК-инфекция, ЖҚТБ фонындағы бұрыннан тыныс органдарының ауыр оппортунистік ауруларымен байланысты. Емделушінің өлімі метадонның және метадонмен емдеу қолдаушы бағдарлама әсерімен тікелей байланысты болмағандықтан, осы оқиғаларды орынбасушылық қолдаушы терапияға қатысты интерпретациялау мүмкіндігін жоққа шығарады.

№5 кесте. – АОТ жобасына қатысудың орташа ұзақтығы (n=48)

АОТ бағдарламасына емделушілердің кірген	Павлодар емделушілердің	Теміртау емделушілердің	АОТ қатысу	Бір емделушінің жобаға қатысуының
--	-------------------------	-------------------------	------------	-----------------------------------

айы	саны (30.10.08ден 30.10.09дейін)	саны (14.11.08ден 14.11.09дейін)	уақыты (ай)	ортша ұзақтығы
Қазан 2008	5	-	12	9,46 ай
Қараша 2008	4	7	12	
Желтоқсан 2008	5	10	11	
Қаңтар 2009	1	1	10	
Ақпан 2009	-	1	9	
Наурыз 2009	1	-	8	
Сәуір 2009	-	1	7	
Мамыр 2009	2	1	6	
Маусым 2009	1	1	5	
Шілде 2009	6	-	4	
Тамыз 2009	-	-	-	
Қыркүйек 2009	-	-	-	
Қазан 2009	1	-	1	

Жобаның іске асырылу жылының аяғына бағдарламада 1 жылдан астам қатысып келе жатқан емделушілердің саны, жалпы жағдайлар санына қатысты 16 адамды немесе 33,3% құрады. Бағдарламада қатысудың орташа ұзақтығы 9,46 айды құрайды.

№7 кесте – зерттелетін топтың әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы

Сипаттамалар	Абсолюттік сан (адам)	%	Органың сенімді интервалы
<b>Жынысы</b>			
Ерлер	37	77,08 %	46 <math>\diamond</math> 94,1%
Әйелдер	11	22,91 %	$\pm$ 18,1%
<b>Жасы</b>			
26... 30 жас	9	18,75 %	$\pm$ 18,4%
31... 40 жас	27	56,25 %	$\pm$ 29,53%
41...50 және аса жас	12	25 %	5,3 <math>\diamond</math> 39,4%
<b>Ұлты</b>			
Орыстар	43	89,58 %	71,1 <math>\diamond</math> 97,8%
Немістер	1	2,08 %	1,3 <math>\diamond</math> 41%
Қазақтар	4	8,33 %	1,2 <math>\diamond</math> 32,4%
<b>Қаралу кезіндегі білімі</b>			
Аяқталмаған орта (5-9 сынып)	3	6,25 %	0,2 <math>\diamond</math> 29,8%
Орта	24	50 %	$\pm$ 21,1%
Арнайы орта	18	37,5 %	$\pm$ 19,4%
Аяқталмаған жоғары	1	2,08 %	1,3 <math>\diamond</math> 41%
Жоғары	2	4,16 %	0,2 <math>\diamond</math> 29,7%
<b>Жұмыспен қамтылуы</b>			
Жұмыссыз	22	45,8 %	$\pm$ 20,3%
Мамандырылған маман	3	6,25 %	1,3 <math>\diamond</math> 18,3%
Жұмысшы мамандар	6	12,5 %	0,2 <math>\diamond</math> 23,8%



Жеке тәртіпте	9	18,75 %	1,3 <> 42%
Волонтер	8	16,7 %	11,3 <> 61,3%

№8 кестеде ұсынылған деректер, ертеректе АОТ жоба қатысушылардың заңсыз есірткі заттарды инъекциялық тұтынғандарын растайды. Ол туралы коморбидтік патология дәлелдейді, атап айтқанда: АОТ емделушілерінде гепатиттердің және АҚТК-инфекцияларының болуы.

№8 кесте- Ілеспе соматикалық патология

Паталогияның атауы	Абсолюттік сан (адам)	%	Ортаның сенімді интервалы
<b>Мүгедектік</b>			
Мүгедектіктің жоқтығы	45	93,75 %	76,9 <> 98,6%
Жалпы ауру бойынша мүгедек	2 (соматикалық аурулар бойынша II және III топтар)	4,16 %	0,29 <> 27,3%
Бала кезінен мүгедек	1	2,08 %	1,2 <> 39,4%
<b>АҚТК-статус</b>			
Позитивті - АҚТК	35	72,91 %	44 <> 93,5%
Негативті -АҚТК	13	27,08 %	8,2 <> 54%
<b>Ілеспе патология</b>			
С гепатиті	15	31,25 %	±19,8 %
В гепатиті	1	2,08 %	1,2 <> 39,4%
В және С гепатиттері	32	66,66 %	±2,9%
Туберкулез	6	12,5 %	1,2 <> 37,4%

Жобаға қатысушылармен емдеу және оңалту тәжірибесі туралы деректер қызықты болып көрінеді (№9 кесте). Осы деректердің талдануы сауықтырудың бұрынғы сәтсіз тәжірибесі туралы қорытындыға келуге мүмкіндік береді.

№9 кесте-Емделу тәжірибесі

Емделу түрі	Абсолюттік саны (адам)	%	Ортаның сенімді интервалы
Психофармакотерапия	10	20,83 %	0,2 <> 35,1%
Дезинтоксикация	21	43,75 %	1,9 <> 58,3%
Симптомдық	42	87,5 %	54,5 <> 95,8%
Жалпы бекітетін	43	89,58 %	54,9 <> 95,8%
Экстракорпоральды детоксикация	3	6,25 %	0,2 <> 29,3%
Жеке психотерапия	42	87,5 %	54,5 <> 95,8%
Топтық психотерапия	46	95,8%	57,1 <> 97,3%
әлеуметтік оңалту	42	87,5 %	54,5 <> 95,8%
Физиологиялық емдеу	46	95,8%	57,1 <> 97,3%

#### 5.4.2. Клиникалық сипаттама

##### 5.4.2.1. Метадон дозасының алғашқы/бастапқы сұрыпталуы

Бастапқы дозасы емделушінің ауру тарихының және ағымдағы физикалық күйінің дәрігерлік бағалануына негізделген. Алғашқы дозаның және алғашқы қосымша мөлшерлемелердің мақсаты героиндық абстиненттік белгіні шешу және седацияға жоламай, есірткіге деген құмарлықты азайту болып табылады.

Емделушілер героиндық абстиненттік көріністер фонында метадон қабылдауды бастаған. Метадон дозасын қабылдаған соң героиндық абстиненттік көріністер 3-5 сағат ішінде (оқиғаның 100 %) шешілді. Метадонның бастапқы дозасы 20-30 мг, келесі күндері 5-10 мг біртіндеп дозаны көбейту. Метадон дозасы 7-14 күн бойы жеке сұрыпталып отырды.

#### 5.4.2.2. Метадонның қолдаушы дозасын сұрыптау

Қолдаушы доза емделушімен ұсынылған, ақпарат еске алына отырып, тәжірибелі нарколог-дәрігерімен жеке анықталады. Доза, қол жеткізген күтілген әсерлер 24 сағат бойы және одан көп уақыт сақталғандай болып сұрыпталды.

Дәрігерлер тобы өздерінің барлық сессияларын өткізген кезде метадондық қолдау емделушінің қалағаны бойынша және осы ем пайдалы болып тұрғанша, соншалықты ұзақ уақыт жалғасуы қажеттілігіне сүйене отырып, бағдарламада ұзақ ( Ю. А. Росинскийдің ұсынысы бойынша) балуды бағдар етті.

Орташа метадон дозасы екі аптадан төрт аптаға дейін тұрақтандырылды.

Емделушіні қолдау фазасы кезінде оқиғаның 54,1% бір дозада болды. Басқаларына қатарлас соматикалық патологияны емдеу курсымен, оның ішінде, туберкулез, АРВ-терапия, отбасындағы стресстік ахуалмен, ауыр қара жұмысқа шығумен байланысты біраз мерзімді түзетулер қажет болды (емделушілердің 45,9%).

J. Thomas Payte, Elizabeth T. Khuri айтуынша, бар метадондық бағдарламалар арасында ең әдеттегісі субтерапевтикалық дозалар, және бірнеше зерттеулерге сүйене отырып, метадонның адекватты дозалары, жеке және клиникалық сұрыпталған, заңсыз есірткі заттардың тұтынуын азайтады және емделушілердің бағдарламада ұстап қалуын жақсартатынын көрсетеді (J. Thomas Payte, Elizabeth T. Khuri цит. бойынша).

Доза жеке клиникалық үрдістерге, нарколог-дәрігердің кәсіби дағдыларына негізделіп анықталды. Метадонның орта тәулік дозасы (жылына орташасын, №1 кестені қара) 65,28 мг құрады (Павлодар аймағы бойынша -59,9 мг, Теміртау бойынша- 70,6 мг). Қабылдау уақыты Павлодар қ. күн сайын сағат 8.00ден 10.00 және сағат 17.00ден 18.00. Теміртау қаласында метадонды қабылдау тәртібі: сағат 10.00ден 11.00дейін және сағат 17.00ден 18.00 дейін, күн сайын.

Жобаның пилоттық сипаты және емделушілермен метадон гидрохлоридін қолданудың бірінші тәжірибесі препараттың дозаларының өзгеруін түсіндіреді. Жобаны іске асыру барысында емделушілердің қалауы бойынша дозаны азайту жағдайы болды. Олай істеулерінің себебі жұмысқа тұру ниеті, күнде клиникаға келуден шаршағандықтары болды. Барлық жағдайларда емделушімен және оның туыстарымен қосымша білімдік жұмыс жүргізілді.

#### 5.4.2.3. зерттеудің клиникалық-зерханалық көрсеткіштері

Өткізілген клиникалық лабораториялық зерттеулер негізінде емделушілердің салыстырмалы соматикалық амандықтары туралы қорытынды жасауға болады. Бұл ретте біз коморбидтік патологияның барын (позитивті АҚТК-статусы, В, С, гепатиттері басқа соматикалық аурулар), сонымен қатар 9,46 ай бойы метадон гидрохлоридінің уландырғыш әсерінің мүмкіндігін (АОТ бағдарламасы қатысудың орта ұзақтығы) назарға алуымыз керек.

*Қанның жалпы анализі.* АОТ бағдарламасына кірерде және одан әрі тоқсан сайын өткізіледі. Жобада қалған емделушілердің қанының жалпы анализ көрсеткіштерін зерттеу көрсеткіштердің тоқсан сайынғы ауытқуларына қарамастан, деректер норма шамасында қалып отырғанын көрсетті. Норма шамасынан асатын эритроциттердің

шөгуінің жылдамдығы (СОЭ-ағзадағы қабыну үрдісінің барын дәлелдейтін, көрсеткіш) болып табылды. Норманың болмашы асуы – СОЭ сағатына 15тен 26 мм дейін жылдамдатуы жобаға кірер алдында емделушілердің 42,8 %-да байқалды. Осы көрсеткіш динамикада норма шегіне келді (№10 кесте).

№10 кесте- Қанның жалпы анализінің негізгі көрсеткіштері

Қан көрсеткіштері	АОТ жобасына кірерінде	Жобаның іске асырылуынан 3 ай кейін	Жобаның іске асырылуынан 6 ай кейін	Жобаның іске асырылуынан 9 ай кейін	Жобаның іске асырылуынан 12 ай кейін
Гемоглобин (г/л)	133,5	136,5	134,1	124,5	135,2
Эритроциттер ( $10^{12}/л$ )	4,1	4,42	4,14	4,09	4,2
Лейкоциттер ( $10^9/л$ )	5,1	5,7	5,5	5,0	5,0
СОЭ (мм/с)	14,5	15,5	13,2	11,6	10,2

*Қанның биохимиялық талдауы.* АОТ бағдарламасына кірерде және 6 айда 1 рет (зерттеу көрсеткіштер бойынша, жоспарлы қайтадан зерттеу 6 айда 1 рет) өткізіледі. Норма шамасынан келесі көрсеткіштер, глюкоза сияқты (көмірсулар алмасуын көрсететін, ұйқы безі ауруларын, эндокриндік бездердің қызмет етуінің бұзылуын, ОНЖ органикалық зақымдануын, бауырдың қабыну немесе дегенеративтік сипаттағы ауруларын диагностикалау маңызы бар), АЛТ (бауырдағы патологиялық процесстерде, ұйқы безінде, содан кейін басқа тканьдарда), АСТ (көбінесе жүрек, эритроциттердегі, қаңқа бұлшық етте, кейін бауырда патологиялық үрдістерді көрсетеді), тимолдық сынау (бауырдың белоктық-синтетикалық қызметін, бауырдағы патологиялық қабыну процесстің барын бағалайды) көрсеткіштері шығып отырды (№11 кесте).

Қызықтысы, осы көрсеткіштер өзінің ең жоғарғы патологиялық мәніне жобаның іске асырылуының ортасында – 6 айдан соң жеткені болып табылады. Кейін динамикада олардың жақсаруы көрсетіледі. Ондай өзгерістерді түсіндірудің бірнеше себептері болуы мүмкін:

А) коморбидтік патологияның болуы, оның белсенділігі стресстің болмауынан тоқтатылды (есірткі заттарға қатысты), сонымен қатар қолдаушы симптоматикалық емдеумен;

Б) қолдаушы емдеу фонында метадон гидрохлорид препаратының ықпалына бейімделу.

№11 кесте –Қанның биохимиялық анализдерінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	АОТ бағдарламасына кірер алдында	Жобаның іске асырылуынан 6 ай кейін	Жобаның іске асырылуынан 12 ай кейін
Жалпы ақуыз (г/л)	82,3	74,3	82,9
Мочевина (ммоль/л)	4,7	4,1	4,6
Глюкоза (ммоль/л)	7,2	3,6	4,4
АЛТ (мккат/л)	0,5	1,2	0,54
АСТ (мккат/л)	0,36	1,25	0,62
Жалпы билирубин (мкмоль/л)	14,9	28,8	15,1
Тимолдық сынау (бірл)	9,68	11,2	9,8

CD-4 иммунитеттің маңызды қызметтерін атқаратын, қанның ақ клеткалары. Адамның қорғаныш тапшылығының көрсеткіші (АҚТК) CD-4 рецепторларымен Т-лимфоциттермен байланыса алады, одан кейін вирус осы клеткалардың ішіне еніп – «оларды жұқтырады». Егер де АҚТК-жұқпалы аурулы адам өзін жақсы сезінгеннің өзінде және аурудың ешқандай белгілері білінбесе де, CD-4-клеткалардың көп саны жұқтырылады және вируспен жойылады оған қоса бүлінеді, жасуша орын басуы үшін, біздің ағзамыз сол санда оны өндіреді.

Наркологиялық диспансерлер базасында CD-4 жасушаларына зерттеулер жүргізілмеді, нәтижелері Павлодар және Теміртау қалаларының ЖҚТБ-орталық қызметкерлерімен ұсынылған. CD-4 орта көрсеткіші жоба басында қанның текше миллилитрде 435,8 жасушаны құрады (минималды-81, максималды-815). Жобаның іске асырылуынан бір жылдан соң – 462 клетка/текше.мм, бұл ретте ең төменгі деңгейі-84, ең жоғарғысы-1351. Жалпы, CD-4 көрсеткіштерінің жақсаруын атап кету қажет.

Зәрдің жалпы анализі (№12 кесте). Зерттеу жоспарлы тәртіп бойынша үш рет (АОТ жобасына кірер алдында, жобаның іске асырылуынан 6 және 12 айдан соң), сонымен қатар қажет болғанда өткізілді. Бірінші зәрдің жалпы анализі зерттеу кезінде ең жиі кездесетін патологиялардың бірі ақуыз нышандары (0,033 г/л дейін) – 21,7 % жағдайда көрсетілді. Динамикада бұл көрсеткіш сирек кездесті (емделушілердің 4,34 %). Эритроциттердің (гематурия) болуы жобаның іске асырудың барлық мерзімінде бір емделушіде болды.

№12 кесте зәрдің жалпы анализінің негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	АОТ бағдарламасына кірер алдында	Жобаның 6 ай асырылуынан кейін	Жобаның 12 ай асырылуынан кейін
Түсі	сары	сары	сары
Салыстырмалы тығыздық	1016	1015	1017
Ақуыздың нышандары	21,7%	8,6%	4,34%
Жалпақ эпителий (көз алдында)	2,5	2	2,2
Лейкоциттер (көз алдында)	3,9	3,1	4,1
Бактериялар (1 мл-да)	4,1 %	4,1%	2,08%
Жалқық	22,9%	12,5%	4,1%
Эритроциттер	2,08%	2,08%	2,08%

#### 5.4.2.4 Соматикалық асқынулары, шешілуі

Метадонды қабылдаған кезде ұзақ мерзімді уландырғыш жанама құбылыстар (барлық фармацевтикалық типтік апиындыларда), қажетті гигиенаны және бақыланатын мөлшерді сақтағанда ондай құбылыстар аз санды болады. М.Дж.Крик «биологиялық және биохимиялық жоспардың өзгеруі, әрине, метадонды қабылдаған кезде болады, бірақ клиникалық жолмен анықталатын, жанама құбылыстар, орынбасушылық метадондық терапияны үнемі алып отыратындардың өзінде, аз санды болып келеді. Метадонмен ұзақ мерзім емделу курстары кезінде уланулар өте аз болып тұрады. Метадонның көмегімен ұзақ терапия кезінде емделушілердің күйінде көзге түсерлік алға басулары, емделудің басындағы күйлерімен салыстырғанда, жалпы денсаулықтың және тәбеттің жақсаруымен байланысты» (Krek M.J. 1983).

Метадонды ұзақ уақыт қолдану кезінде пайда болған негізгі проблемалар:

1. Қатпалар. 91,6% жағдайында метадонды бір жұма үздіксіз қабылдаудан кейін пайда болды. Нәжістің кідіру құбылыстары іш жүргізетін әсері бар препараттарды қосымша белгілеумен (бисакидол, іш жүргізетін шай) және диетаны түзеткеннен соң шешілді. Осы уақытта қатпалар емделушілердің 16,6 % сақталады.
2. Лоқсу, құсық. 66,6% жағдайында АОТ бастапқы кезеңдерінде емделушілер лоқсуға, мерзімді құсуға шағымданды. Диспепсикалық құбылыстар 7-12 күннен соң шешілді.
3. Тері қышуы, тері бөртпелері. Метадонды қолданудың 2-ші жұмасында бетте, қабыршақтануға айналумен іште (52,08%) ұсақ папулездық бөртпе түрінде аллергиялық дерматит пайда болды. 8% бөртпелер іште, қолда, аяқта күлдіреу түрінде болды. Бөртпелер қышыды. Аллергиялық компонент 2 жұмадан кейін шешілді. Қосымша белгілеу ретінде: күніне 4 рет 2 дәріден №7 активтенген көмір, күніне 4 рет 2 дәріден №10 кальций глюконаты, диетаны түзету.
4. Дене салмағының төмендеуі. Арықтау 83,3% жағдайында метадонды бір ай үздіксіз қабылдаған соң байқалды. Дене салмағын жоғалтуы орташа 4,4 кг құрады (400 граммнан 9 кг дейін). Бақылаудың 4-ші айының басына дене салмағының төмендеуі ЖҚТБ белсенді кезеңдегі 2 емделушіде ғана байқалды. Жобаның іске асырылу жылының аяғына қарай дене салмағының төмендеуі жаңадан қабылданған емделушілерде ғана байқалды.
5. Жыныстық әлсіздік. Емделушілердің 60,4% байқалуы жалғасуда.

АРВ-терапиясына бейімділік.

Жоғарыда көрсетілгендей жобаға АҚТК -позитивті статуспен 35 емделуші (72,91%) қатысады. Осы емделушілер жалпы санынан тек бесеуі АРВ-терапиясын алған. Клиникалық және психотерапевтикалық жұмыс барысында 6 емделуші АРВ-терапиясын бастады. АОТ қайтадан кіргізілген, соңғы емделушімен қазіргі кезде АРТ-терапияның қажеттілігі туралы таландыру терапиясы жүргізілуде. Осылайша, бағдарлама мақсаттарының бірінің біртіндеп орындалуы туралы қорытынды жасауға болады-АРВ-терапияға бейімділікті 14,28%-дан (жобаға қатысушылардың, АҚТК позитивті тұлғалардың ішінен) 31,42% дейін көбейту.

Айыққандықты бақылау. ПБЗ инъекция арқылы қолдану

Бағдарламаға қатысу мерзімі бойы емделушілер үздіксіз зәрде басқа психологиялық белсенді заттардың барына анализдерді тапсырып отырады. Метадонмен қатарлас, психологиялық белсенді заттардың метаболиттер анықталған жағдайда, емделушімен жеке психотерапевтикалық сессиялар, метадон дозасының түзетілуі өткізілді.

Жалпы, заңсыз есірткі заттарын тұтынуының төмендеуінің оң динамикасы байқалады. Анализдердің нәтижесі бойынша (скрининг-тест), жобаның іске асырылуының алғашқы 3 айы бойы емделушілердің 16% күн сайын көшедегі есірткіні қабылдауын жалғастырды, емделушілердің 42% мерзімді анализдерінің оң нәтижесі байқалып отырды. Жобаның іске асырылуының тек төртінші айына ғана емделушілердің 10% кез келген психологиялық белсенді заттарды (апиынды, каннабиноиды, спирттік) тұтынудан толығымен ұстанды. Жобаның іске асырылу жылының соңына қарай, заңсыз ПБЗ тұтынудан толық ұстанғандардың саны 60,4% өсті, ал күн сайынғы есірткіні тұтыну мүлдем тоқтатылды (№13 кесте).

№13 кесте- Жобаның іске асырылу барысында апиынды топтағы препараттарды тұтынудың жиілігі мен еселігі

Шкала атауы	Жоба басында		3 айдан соң		6 айдан соң		9 айдан соң		12 айдан соң		P
	Абсолюттік сан		Абсолюттік сан		Абсолюттік сан		Абсолюттік сан		Абсолюттік сан		
Жобаға қатысушылардың саны	50		50		51		48		48		
Күн сайын тұтыну	48	96	8	16	4	7,8	-	-	-	-	<0,01
Тұрақсыз, орайына қарай, айына 1 рет	2	4	37	74	32	62,7	30	62,5	19	39,5	<0,01
Заңсыз ПБЗ толық ұстану	-	-	5	10	15	29,4	18	37,5	29	60,4	<0,01
Тәулігіне есірткіні тұтынудың еселігі	1,5	-	0,5	-	0,5	-	0,5	-	0,1	-	<0,01

Заңсыз ПБЗ инъекция арқылы тұтынудың төмендеуіне қатысты оң динамика байқалады. «Тәуелділіктің ауырлық индексі» (ТАИ) сауалдама нәтижесі бойынша «Алкоголь/есірткі» бөлімінде есірткі заттарын инъекция арқылы тұтыну санының төмендеуі байқалады (№14 кесте). Осылайша, ИЕТ арасында індет жұқтырудың алдын алу арқылы, ҚР АҚТК/ЖҚТБ індетіне қарсы тұру тиімділігі туралы қорытынды жасауға болады.

№ 14 кесте. ИЕТ инъекция арқылы тұтынудың төмендеуі

Шкала атауы	Жоба басында		3 айдан соң		6 айдан соң		9 айдан соң		12 айдан соң		P
	A*	B*	A*	B*	A*	B*	A*	B*	A*	B*	
Жобаға қатысушылардың саны	50		50		51		48		48		
Алкоголь	5,4	ауызбен	4,1	ауызбен	4,6	ауызбен	4,3	ауызбен	4,4	ауызбен	-
Героин	22,98	Инъекция арқ	4,15	Инъекция арқ	2,28	Инъекция арқ	0,5	Инъекция арқ	0,39	Инъекция арқ	<0,01
Басқа апиындылар/анальгетиктер	5,86	Инъекция арқ	1,39	Инъекция арқ	0,76	Инъекция арқ	0,12	Инъекция арқ	-	Инъекция арқ	<0,01
Барбитураттар	6,6	ауызбен	3	ауызбен	-	ауызбен	-		-		-
Седативті/транквилизаторлар	9,6	ауызбен	4,2	ауызбен	-	ауызбен	-		-		-

Ескерту: А-соңғы 30 күн ішінде тұтыну күндердің орта саны; В-ПБЗ тұтыну әдісі.

#### Психикалық әлеуметтік сипаттама

Осы бағдарламаның негізгі міндеттеріне сәйкес—зиянды төмендету, емделушілердің әлеуметтік бейімделуі, емделушілердің өмір сүру сапасының жақсаруы және ПБЗ тұтынусыз әрі қарай өмір сүру мүмкіндігі туралы емделушіні ойланту үшін психотерапевтикалық қолдау, жобаны іске асыру барысында міндетті түрде психотерапевтикалық топтар өткізіледі, әлеуметтік қызметкерлермен жұмыс жүргізіледі.

Бастапқы кезеңде жобаға қатысушылардың барлығымен жеке психологиялық кеңес беру жұмысы жүргізілді, оның барысында емделушілердің проблемалы профилді теңдестірілді, қалыптасқан ағдайдан шығу жолдары анықталды. Әрі қарай, психотерапевтикалық топтарды өткізу барысында позитивті динамиканың сақталуы жалғасуда. Емделушілердің негативті және позитивті тұлғалық статусын теңдестіру бойынша жұмыс жүргізілуде. Емделушілердің бір бөлігінде есірткіге тәуелділіктен шығу, босану және психикалық белсенді заттарды тұтынусыз салауатты өмірге даярлық тенденциясы пайда болды.

Топтық сабақтар аптасына 2 рет өткізіледі. Топтық сабақтардың ұзақтығы 3 сағат (10-13 сағ дейін). Жобаның нарколог-дәрігеріне тұрғындардың хабардарлығы жоғарылаған сайын ҚР басқа аймақтарынан және таяу шетелден жобаға кіргізу туралы ИЕТ туыстарынан өтініштер келіп жатыр.

5.4.3.1. АОТ жобасына қатысушылардың клиникалық-психологиялық сипаттамасы

№15 кестеде ұсынылған деректерге сәйкес емделушілердің позитивті психологиялық динамикасы туралы қорытынды жасау мүмкін болды. Соның ішінде, нормалау жағына емделушінің орташаланған профилінің өзгеруі, тұлғаның кейбір мінездемелері көріністерінің төмендеуі байқалады (ұсынылған шкалалар бойынша емделушілердің орта профилдерінің өзгеруі статистикалық маңызды).

№15 кесте- MMPI қысқартылған нұсқасы

Шкала атауы	Жоба басында		3 айдан соң		6 айдан соң		9 айдан соң		12 айдан соң		P
	балл	ортаның сенім білдіретін интервал	балл	ортаның сенім білдіретін интервал	балл	ортаның сенім білдіретін интервал	балл	ортаның сенім білдіретін интервал	балл	ортаның сенім білдіретін интервал	
Ипохондрия (Hs)	60	±2,9	52,8	±3,6	52,3	±3,8	52,2	±4,1	52,2	±4,1	<0,01
Депрессия (D)	66,5	±2,9	54,1	±4,1	53,7	±4,2	53,6	±4,2	53,6	±4,2	<0,01
Истерия (Hy)	69,4	±4	54,4	±4,2	54,9	±4,8	54,4	±5,1	54,4	±5,1	<0,01
Психопати (Pd)	69,5	±5,8	58,4	±4,7	57,8	±4,6	57,7	±4,4	57,6	±4,4	<0,01
Психастения (Pt)	61	±4,6	52	±4,3	52	±3,3	51,7	±3,1	51,7	±3,1	<0,01

Аффектік саланы сипаттаған кезде (Зунг шкаласы бойынша) позитивті динамиканы атап кету қажет. Жобаның іске асырылу бірінші жылының соңына край емделушілердің көңіл-күйлерінің қалыпты фоны өскенін 2-суреттен байқауға болады. Байқалудың алтыншы айдың деректерінде өзгешеліктері бар, ситуативтік немесе невротикалық генездің жеңіл депрессиямен, тұлғалардың арқасында көңіл-күйлерінің қалыпты фонымен тұлғалардың саны төмендеді. Оны АОТ жалғасыуына қатысты белгісіздікпен және емдеу курсы үзгілері келмейтіндерімен (метадонды әкелінуінің кешіктіру мүмкіндігі) байланысты, қалыптасқан ахуалымен түсіндіруге болады.

Аффективтік саланың клиникалық және субклиникалық бұзылу формаларындағы тұлғалар (субдепрессивтік немесе жасырылған күй және шын депрессия) зерттеудің 12 айына азайды. Оны түсіндіретін бірнеше себеп бар:

-метадон дозасын дұрыс түзету және нәтижесінде адекватты орынбасушылық терапия;

- кейбір жағдайларда антидепрессанттарды белгілеу;

- жеке немесе топтық режимде психикалық түзету терапиясы.

Сонымен қатар динамикада емделушілердің күйлеріндегі өзгерістердің статистикалық сенім білдіретін айырмашылықтары алынбағанын атап кету қажет.

## ГРАФИК қалыпты

Ситуативтік немесе  
невротикалық  
генездің жеңіл  
депрессиясы

субдепрессивтік немесе  
жасырылған депрессия

шын депрессия

2 сурет. Зунгр шкаласы бойынша аффектік саланы сипаттау

### 5.4.3.2. АОТ емделушілерінің әлеуметтік динамикасы

Респонденттердің амандықтарын субъективті және олардың өз өмір сүру жағдайымен қанағаттанушылықтарын бағалаудағы оң динамиканы көрсетіп кету қажет. Өмір сапаларының көрсеткіштері (өмір сүру сапасының бағалау шкаласының деректері бойынша) алты саламен ұсынылған. Олардың статистикалық маңызды айырмашылығымен «Рухани сала» 3,1-ден 4,7-дейін, «Қоршаған орта» 2,8-ден 3,8-дейін, «Психологиялық сала» 3-ден 3,9-дейін, «Әлеуметтік қатынастар» 2,8-ден 4,3-дейін және «Физикалық сала» 2,2-ден 3,5-дейін шкалалар ұсынылған.

№16 кесте-АОт емделушілердің өмір сүру сапасын субъективті бағалау (ВОЗ КЖ-100)

Шкала атауы	Жоба басында		3 айдан соң		6 айдан соң		9 айдан соң		12 айдан соң		P
	балл	ортаның сенім білдіретін интервал	балл	ортаның сенім білдіретін интервал	балл	ортаның сенім білдіретін интервал	балл	ортаның сенім білдіретін интервал	балл	ортаның сенім білдіретін интервал	
Рухани сала	3,1	±0,4	4,2	±0,3	4,6	±0,27	4,7	±0,27	4,7	±0,27	<0,01
Қоршаған орта	2,8	±0,2	3,5	±0,3	3,7	±0,32	3,8	±0,33	3,8	±0,33	<0,01
Психологиялық сала	3	±0,2	3,7	±0,2	3,9	±0,27	3,8	±0,2	3,9	±0,22	<0,01
Әлеуметтік қатынастар	2,8	±0,3	3,6	±0,2	4,1	±0,2	4,3	±0,18	4,3	±0,18	<0,01
Тәуелсіздік деңгейі	2,8	±0,2	3,3	±0,2	3,3	±0,2	3,4	±0,2	3,4	±0,2	
Физикалық сала	2,2	±0,3	3,2	±0,3	3,5	±0,2	3,4	±0,2	3,5	±0,2	<0,01

Емделушілердің антиәлеуметтік қызметі саласын сипаттаған кезде, келесі нәтижелер алынды. Түзету-еңбек мекемелеріне жолдамасыз қылмыстық жауапкершілікке 3 адам тартылды (6,25%). Бір рет 19 емделуші сотталды (39,58%), екі және одан көп рет қайта сотталғандар – 16 жоба қатысушылары (33,3%).



ИТЗ сауалдама деректері бойынша заңсыз қызметке тарту уақытының жүз пайыздық төмендеуі байқалады (есірткіні сату, жезөкшелік, ұрланған заттарды сату және басқасы). Сонымен қатар, нақтылығын бағалаған кезде, ұсынылған ақпараттың ақиқаттылығында біраз күмән пайда болады. Қылмыстық қызметке тартудың екі оқиғасы және қылмыстық жауапкершілікке тартылуы, шынайы емес жауаптардың растауы болып келеді. Екінші жағынан, психотерапевтикалық сессиялар барысында, ықтимал ұрлықтар, бірақ істелінбеген ұрлық туралы күйзеліс айтылып кетті, заңмен проблемаларды болдырмайтын, құнды басымдылықтар анықталды. Жоба қатысушылары оқиғаның 100 % соңғы 30 күн бойы «заңмен нағыз проблемалардың» жоқтығын байқайды. Отбасындағы қарым қатынастың қалпына келуі 46 жағдайда (95,8%) байқалады, ол АОТ қатысушыларының туыстарының және жақындарының хаттарымен дәлелденеді.

Жобаның іске асырылу барысында жүргізілген жұмыс нәтижесінде 6 қатысушы тұрақты жұмыс орнына орналасты, 12- Павлодар және Теміртау қалаларындағы жұмыспен қамту орталықтарында тіркелді, төртеуі жұмысшы мамандықтарын алды (алған мамандықтары бойынша әзірше жұмыссыз), 5 емделуші ЖҚТБ ОО жанында тұрақты волонтер болып орналасты. Жобаға қатысушылар төленетін жұмыс күндердің орташа саны 8,8 күннен 13,1 күнге өсуін байқады.

3-суретте Жобаның іске асырылуының басынан және бір жылдан соң емделушілердің жұмыспен қамтылғандарының салыстырмалы бағасы ұсынылған.

Жобаның іске асырылуынан  
бір жылдан соң

жобаның басында

жұмыссыз  
білікті маман  
жұмысшы мамандар  
жеке тәртіп бойынша  
волонтер

3 сурет Емделушілердің жұмыспен қамтылуы

## 6. Қорытындылар

Қазақстандағы орынбасушылық терапияның пилоттық жобасымен қойылған мақсаттарға сәйкес нәтижелер бағаланып, келесі қорытындылар жасалды.

1. Жылдың аяғына АОТ бағдарламасында ұстап қалу деңгейі жақсы деп бағаланды, және Павлодар аймағы бойынша 72,9% және Теміртауда-75,6%, ҚР бойынша орташа-74,28% құрады.
2. Жобаның іске асырылу жылының аяғына бағдарламаға жылдан астам уақыт қатысатын емделушілер, жалпы оқиға санына шаққанда 16 адам немесе 33,3% құрады. Бағдарламаға қатысудың орташа ұзақтығы 9,46 айды құрайды.
3. Пилоттық жоба қатысушыларымен метадон гидрохлоридін тұтыну дозасы ұсынылған жалпы әлемдік терапевтикалық мөлшерлеудің төменгі шегіне сәйкес келеді (60-80 мг): Павлодар бойынша –тәулігіне 59,97 мг, Теміртау бойынша – тәулігіне 70,6 мг.
4. Заңсыз есірткі заттарды тұтынудың жиілігі мен еселігінің төмендеуі байқалады: есірткіні күн сайын қабылдау 96 %дан 0% дейін, есірткіні тәулігіне тұтыну еселігі 1,5-тен 0,1-ге дейін.

5. Жобаның іске асырылуының үшінші айынан аяғына дейін заңсыз есірткіден толық ұстанған тұлғалар саны 5-тен (10%) 29-ға (60,4%) көбейді.
6. Соңғы ай ішінде есірткіні инъекция арқылы тұтыну күндерінің орташа саны 73,9 есе төмендеді (айына 28,84 күннен 0,39 күнге дейін).
7. АОТ жобасының АҚТК позитивті емделушілері арасында АРВ-терапиясына бейімді тұлғалар саны 17,4%-ға өсті.
8. Емделушілердің орташаланған психологиялық профилі нормалау жағына өзгерді (психопатия деңгейінен орта, қалыпты деңгейге), оның ішінде аффектілік салада (5.2.3.1. т)
9. Отбасыларда қарым-қатынастың нормаға келуі 46 жағдайда байқалады (95,8%), ол АОТ жобасына қатысушылардың туыстары мен жақындарының хаттарымен дәлелденеді. Сонымен қатар, респонденттердің амандығын субъективті бағалауда және олардың өз өмір сүру жағдайларымен қанағаттанушылықтарында оң динамика байқалады.
10. Заңсыз қызметке тарту уақытының жүз пайыздық төмендеуі байқалады (есірткі сату, жезөкшелік, ұрланған заттарды сату және басқасы). Бұл ретте осы сұрақ бойынша шынайылығының жеткіліксіз деңгейін атап кету қажет.
11. Жобаның барлық қатысушылары (100 %) соңғы 30 күн ішінде «заңмен нағыз проблемалардың» жоқтығын байқайды (Жобаның іске асырылуының басында 4 емделуші бұрын және қайтадан жасаған қылмыстары үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылған).
12. Жұмыссыз тұлғалардың саны 10,2% қысқартылды, жұмыспен қамту орталықтарында (12 адам) тіркелген және (4 адам) оқытылған, волонтерлік қызметке белсенді тартылуда (5 адам).
13. Төленетін жұмыс күндерінің орташа саны 8,8 күннен 13,1 күнге өсті.

## 7. Ақыл-кеңес және ұсыныстар

Қазақстан Республикасында АОТ пилоттық жобасының іске асырылуынан алынған нәтижелер негізінде келесі ұсынылады.

- 1) Есірткі тұтынушыларды әрі қарай емдеу және оңалту әдістерінің бірі ретінде қолдану үшін АОТ ұсынылады;
- 2) ұсынылып отырған емдеу әдісінің экономикалық тиімділігі орынбасушылық апиынды терапиядағы тұлғалардың саны көбейген кезде маңызды болады;
- 3) Қатысушыларды жедел немесе жоспарлы ауруханаға жатқызған жағдайда, басқа медициналық ұйымдармен әрекеттесу сұрағын пысықтау қажет (дәлірек метадонды беру);
- 4) Алғашқы мамандандыру, наркологиялық тәжірибеге қосылған нарколог-дәрігерлер, психотерапевтер, психологтар, әлеуметтік қызметкерлер, волонтерлер, оған қоса денсаулық сақтау ұйымдастырушылары үшін тақырыптық жетілдіру курстарында АОТ сұрақтарын оқу жоспарына енгізу қажет. НМӘП РҒПО кафедрасының тақырыптық жетілдіру циклдерінің кестесіне сәйкес АОТ бойынша оқыту семинарларын (сабақтар) өткізу;
- 5) АОТ ашылып жатқан сайттар қызметкерлері үшін тәжірибе алмасу бойынша семинарлар, оқыту семинарларын өткізу;

- 6) Қазақстанда АОТ бағдарламасының мониторинг және бағалау жүйесін құру (бұрыннан бар және жаңадан ашылған жобаны іске асыру сайттарынан ақпарат жинау).

## 8. Библиография

1. Россинский Ю.А. Применение метадона в наркологической практике и программах снижения вреда от незаконного потребления наркотиков: Методические рекомендации. – Павлодар, 2006. – 59 б.,
2. Совместная позиция ВОЗ, УООНП, ЮНЕЙДС «Заместительная поддерживающая терапия в ведении пациентов с опиоидной зависимостью и профилактике ВИЧ-инфекции и СПИДа», 2004, 37 б.
3. Документ доступен в Интернете по следующим адресам:
  - [http://www.who.int/substance\\_abuse/](http://www.who.int/substance_abuse/)
  - <http://www.unodc.org>
  - <http://www.unaids.org>
4. Веселовская Н.В., Коваленко В.Е. Наркотики. Свойства, действие, фармакокинетика, метаболизм// М. 2000, 206 б.
5. Э. Субата, Заместительная терапия метадоном. Информация и рекомендации для работников здравоохранения. Вильнюс, 2001.
6. Фармакологические подходы к лечению опиоидной зависимости. Сборник научных статей. Киев, 2001, 166 б.
7. Современные методы лечения наркомании: обзор фактических данных Управление ООН по наркотикам и преступности//ООН, Нью-Йорк, 2003, 24 б.
8. Менделевич В.Д., Субата Э., Асанов Т.К., Власенко Л.В. «Опыт заместительной терапии в странах бывшего СССР и его применимость в России» // Менделевич В.В. Проблема наркомании в России: столкновение интересов специалистов, пациентов, общества и власти//Казань, 2004, 198-216 беттер.
9. David R. Gibson, Neil M. Flynn, John J. McCarty. " Эффективность метадоновой терапии и снижение риска заражения ВИЧ среди лиц, употребляющих инъекционные психоактивные вещества»//Обзор современной психиатрии. Вып. 8(4), год 2000//Киев, 2000, 80-92 беттер.
10. С.О. Тапбергенов, Т.С. Тапбергенов Медицинская и клиническая биохимия, Павлодар, НПФ ЭКО, 2004, 428 б.